# ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ 7 ЖЫЛ




QAZAQ AIR

## 2022 ЖЫЛ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

# «QAZAQ AIR» АҚ-ның 2022 жыл үшін жылдық есебі

Әуе компаниясының негізгі стратегиялық мақсаты – әуе қатынасын дамыту үшін, әсіресе белсенді сұранысқа ие және нарықта ұсынысы жоқ не ұсынысы жеткіліксіз бағыттар бойынша ішкі өңірлік бағдарларды жолға қою болып табылады.

QAZAQ AIR әуе компаниясы (бұдан әрі - Әуе компаниясы) қолжетімді ішкі әуе тасымалдары бар өңірлерді өсу қозғалтқышы болып табылатын қалалармен байланыстыру, осы қалалардан халықаралық және ұзағырақ бағдарларға түйісуді қамтамасыз ету арқылы экономикалық дамуға ықпал етеді.

## TABLE OF CONTENTS


1. Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі
2. Басқарма төрағасының алғы сөзі
3. Компания туралы
4. Бағдарлық желі
5. Әуе кемелері паркі
6. Сенімділік кепілдігі
7. Жолаушылар әуе тасымалының әлемдік нарығы
8. Қазақстанның авиациялық нарығы
9. Нәтижеге әсер еткен факторлар
10. Қызметтің негізгі нәтижелері
11. Жылдың негізгі оқиғалары
12. Даму стратегиясы
13. Нәтижелерге қаржылық шолу
14. Елдің және өңірлердің экономикалық дамуына қосқан үлесі
15. Авиациялық қауіпсіздік
16. Ұшу қауіпсіздігі
17. Қауіпсіздік мәдениетін қамтамасыз ету
18. ESG қағидаттары
19. Экологиялық қауіпсіздік
20. Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу
21. Жерде қызмет көрсету
22. Әуе билеттерін сатуды ұйымдастыру
23. Өнім берушілермен жұмыс
24. Маркетинг және қоғаммен байланыс саласындағы қызмет
25. Қызметтің қаржылық нәтижелері
26. Корпоративтік басқару
27. 2022 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау
28. Корпоративтік этика
29. Кадр саясаты
30. Персоналды басқару
31. Авиациялық оқу орталығының қызметі
32. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
33. Стратегиялық тәуекелдер

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Қазақстанның азаматтық авиация саласы пандемиядан кейінгі кезеңде сенімді өсімді көрсетіп отыр, бұл Қазақстанның жаһандық экономикаға интеграциялық процестерінің қарқынды дамуын растайды. Қазақстан Республикасы Азаматтық авиация комитетінің деректері бойынша, 2022 жылы Қазақстандағы әуе тасымалы нарығының көлемі алғаш рет 11 миллион жолаушыдан асты, бұл 9,4 миллион адам тасымалданған 2021 жылмен салыстырғанда 17%-ға артық.

Әуе компаниясының бағдарлық желісінің жаһандануы және оның командасының үйлесімді жұмысы QAZAQ AIR тарихындағы рекордтық табыс деңгейін көрсетуге мүмкіндік берді. Екінші жыл қатарынан кірістің 60%-ға өсуін көрсете отырып,
20,5 млрд. теңге табысқа қол жеткізу негізгі бизнестің ұйымдық тұрғыдан жетілуін, экономикалық табысын және жолаушылар тарапынан жоғары танылуын растайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның өңіраралық әуе компаниясын іске қосу, оның тұрақты қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешенінің жаңа дербес субъектісін құру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары ойдағыдай аяқталды.

Әуе компаниясының одан әрі дамуы Астанада базасы бар хабтық бағдарлық желіні, оның ішінде өңірлік және халықаралық бағдарлар бойынша ұлғайтуға бағытталатын болады.

Квазимемлекеттік активтерді жекешелендіру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес, Әуе компаниясы бүгінгі таңда бәсекелестік ортаға беру процесіне дайын.

Әуе компаниясы IATA халықаралық әуе көлігі қауымдастығының ресми мүшесі болып табылады, IOSA халықаралық өндірістік қауіпсіздік стандарты бойынша сертификатталған, флотқа техникалық қызмет көрсету жөніндегі сертификатталған ұйымы және авиациялық оқу орталығы, сондай-ақ меншікті 5 әуе кемесінен тұратын паркі бар.

Әуе компаниясын жекешелендіру оның одан әрі дамуы үшін стратегиялық серіктесті тартуға және Қазақстанның азаматтық авиация саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Директорлар кеңесінің төрағасы — Н. Нурбаева

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

2022 жылы QAZAQ AIR әуе компаниясы 561 мың жолаушы тасымалдады, бұл 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда ағымдағы флоттың шекті тасымалдау сыйымдылығына қол жеткізумен байланысты. Экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында Әуе компаниясының хабтық бағдарлық желісін дамытудың екінші кезеңі іске асырылды, атап айтқанда тұрақты негізде бірқатар халықаралық авиарейстер іске қосылды.

**Хабтан тікелей рейстер:**
Астана – Новосибирск
Астана – Омск
Астана – Тюмень
Астана – Екатеринбург
**Түйіспелі және шекара маңындағы рейстер**
Астана – Ақтөбе – Казань
Астана – Ақтөбе – Баку
Атырау – Астрахань




Халықаралық тұрақты авиарейстердің ұлғаюы 2021 жылмен салыстырғанда жолаушылардың 4,5 есе өсуіне ықпал етті.

Бизнестің өңірлік кеңеюі әуе компаниясының брендін тануды арттырды, осылайша 2022 жылғы Skytrax халықаралық авиациялық рейтингінің деректері бойынша QAZAQ AIR Орталық Азия мен ТМД-ның үздік өңірлік әуе компанияларының үштігіне кірді.

2022 жылы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) пайдалану қауіпсіздігіне жүргізген кезекті аудиті ойдағыдай өтті, бұл әуе компаниясының IOSA (IATA Operational Safety Audit) стандарттарына сәйкестігін растады. Әуе компаниясының IOSA операторының сертификаты мен мәртебесі 2024 жылғы қарашаға дейін ұзартылды.
Кадр әлеуетін дамыту — компанияның тұрақты өсуі мен әл-ауқатының кепілі. Өткен жылы 6 қазақстандық екінші ұшқыштар әуе кемелерінің командирлері атанды.

2022 жылдың негізгі жобаларының бірі өзінің авиациялық оқу орталығын іске қосу болды. Аккредиттелген авиациялық оқу орталығы сыртқы клиенттерге міндетті тренингтер ұсынады. Орталықта компанияның 23 бортсерігі оқытудан өтіп, жұмысқа кірісті.

Әуе компаниясы үшін 7 жыл аса ұзақ мерзім емес, бірақ соңғы 3 жылда QAZAQ AIR сапалы жаңа деңгейге қарқынды көтерілді. Мұның артында ұжымның қажырлы және нәтижелі жұмысы бар: бағдарларды ұтымды бөлу, шығыстар мен кірістерді дұрыс құрылымдау, сервисті жақсарту және ұшудың оңтайлы кестесін жасау. Мұның бәрі ортақ миссия - қауіпсіз ұшуды және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін бүкіл күш-жігерін жұмылдырған ұжымның арқасында орын алды.
2023 жылы Әуе компаниясы әуе кеңістігін тиімді пайдалану арқылы жаңа даму серпіндерін іздеуге бет бұруда.

Құрметпен,
Басқарма төрағасы

Е. Наурызбаев

# КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ

**QAZAQ AIR** қазақстандық өңірлік әуе компаниясы 2015 жылы халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес өңіраралық және шекара маңындағы әуе қатынасының қолжетімділігін арттыру мақсатында құрылды.

Әуе компаниясының негізгі міндеті еліміздің өңірлері арасында тұрақты әуе қатынасын ұйымдастыру және ұсыну арқылы олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

**QAZAQ AIR** акцияларының 100%-ы **«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.**

**QAZAQ AIR 2015 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН**

**2015**

**QAZAQ AIR** акцияларының 100%-ы **«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.**

# ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

**2015 жылғы 1 сәуірде заңды тұлға** - «QAZAQ AIR» АҚ тіркелген.

**2015 жылғы 6 шілде** – Алматы – Астана – Алматы бағыты бойынша алғашқы демонстрациялық авиарейс.

**2015 жылғы 27 тамыз** – коммерциялық авиарейстерді орындауды бастау.

**2016 жыл** – операциялық қызметтің алғашқы толық жылы үш әуе кемесінде 163 мың адам тасымалданды.

**2017 жылы** жолаушылар саны 251 мың адамнан асты, бағдарлық желінің белсенді дамуы жалғасты - 6 жаңа бағыт ашылды.

**2018 жылы** Әуе команиясы алғаш рет IOSA халықаралық қауіпсіздік стандарты бойынша сертификаттау аудитінен өтті; жолаушылар ағыны 306 мың адамға дейін өсті.

**2019 жылы** Әуе команиясы IATA-ның ресми мүшесі болды және базаны Астанаға көшіру процесі басталды, тікелей зауыттан De Havilland Canada Dash-8 Q400 үлгісіндегі 86 орындық жоғары тасымалдау сыйымдылығы бар екі жаңа әуе кемесі алынды.

**2020 жылы** пандемиядан кейінгі кезеңде Астанада базасы бар хабтық бағдарлық желі іске қосылды. Әуе компаниясы мемлекет субсидиялайтын өңірлік бағыттарға қызмет көрсете бастады; жолаушылар ағыны 432 мың адамды құрады.

**2021 жылы** пилоттық режимде шекара маңындағы халықаралық бағыттар іске қосылды, Әуе компаниясы құрылғаннан бері алғаш рет EBITDA көрсеткіші бойынша өз шығынын өзі өтеуге қол жеткізді; жолаушылар ағыны 570 мың адамға дейін өсті.

**2021 жылы** әуе кемелеріне желілік қызмет көрсетудің меншікті станциясы іске қосылды және флотты Қазақстан Республикасына қайта тіркеу жүргізілді.

**2022 жылы** халықаралық бағыттар тұрақты негізге ауыстырылды, әуе компаниясы 561 мың адамды тасымалдады

**2022 жылы** өзінің авиациялық оқу орталығы сертификатталды.

# БАҒДАРЛЫҚ ЖЕЛІ

**2022 жылы** елдегі және әлемдегі геосаяси жағдайларға қарамастан, әуе компаниясы сенімді нәтижелерге қол жеткізді. Негізгі бағыт ішкі желілерде, сондай-ақ қолжетімді халықаралық бағыттарда жолаушылар тасымалы көрсеткіштерін қалпына келтіру болды.

**2022 жылы** QAZAQ AIR әуе компаниясы еліміздің өңірлері арасында ыңғайлы әуе қатынасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан астанасында хабы бар бағдарлық желіні дамытуды жалғастырды, бұл ретте халықаралық рейстер санын едәуір арттырды.

**2022 жылы** QAZAQ AIR бағдарлық желісі Қазақстан бойынша 12 ішкі бағыттан және 8 халықаралық рейстен тұрды. **Коммерциялық рейстерден басқа, 9 бағыт әлеуметтік маңызы бар бағыттарды субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша орындалды.**

Атыраудан Астраханға және Ақтөбеден Бакуге халықаралық рейстер іске қосылды. Миллион тұрғыны бар шекара маңындағы Омск, Новосибирск, Казань және Екатеринбург қалаларымен әуе қатынасы тұрақты негізде орындала бастады.
Әуе компаниясының өңірлік бағдарлық желісіне мемлекет субсидиялайтын сұранысқа ие, әлеуметтік-маңызы бар келесі бағыттар кірді: Түркістаннан Қостанай, Орал, Ақтөбе қалаларына, Алматыдан Жезқазған қаласына, Астанадан Талдықорған мен Павлодар қалаларына, сондай-ақ Жезқазғаннан Қарағанды қаласына.

**QAZAQ AIR ӘУЕ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ФЛОТЫ**

**5** КАНАДАДА ЖАСАЛҒАН 5 ЗАМАНАУИ DE HAVILLAND DASH-8-Q400NG (БҰРЫН BOMBARDIER Q400 РЕТІНДЕ ТАНЫЛҒАН) ТУРБОВИНТТІ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕН ТҰРАДЫ

**ЖҮРГІЗІЛГЕН ҰШУ/ҚОНУ САНЫ**

**8 564**



## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ:



- ҚАУІПСІЗДІК
- СЕНІМДІЛІК
- ТИІМДІЛІК
- ҮЗДІКСІЗ ӨСУ
- ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПҚОЙЛЫҚ

## 2022 ЖЫЛҒЫ БАҒДАРЛЫҚ КАРТА

### Ішкі рейстер:

Астана – Алматы – Астана
Астана – Шымкент – Астана
Астана – Өскемен – Астана
Астана – Ақтөбе – Астана
Астана – Жезқазған – Астана
Астана – Қостанай – Астана
Астана – Қызылорда – Астана
Ақтөбе – Атырау – Ақтөбе
Атырау – Орал – Атырау
Ақтөбе – Орал – Ақтөбе

### Субсидияланған рейстер:

Астана – Талдықорған – Астана
Астана – Павлодар – Астана
Алматы – Жезқазған – Алматы
Қарағанды – Жезқазған – Қарағанды
Түркістан – Ақтөбе – Түркістан
Түркістан – Қостанай – Түркістан
Түркістан – Орал – Түркістан

### Халықаралық рейстер:

Астана – Омск – Астана
Астана – Екатеринбург – Астана
Астана – Новосибирск – Астана
Астана – Тюмень – Астана
Ақтөбе – Баку – Ақтөбе
Ақтөбе – Казань – Ақтөбе
Атырау – Астрахань – Атырау
Өскемен – Новосибирск – Өскемен






# IOSA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ

**2022 жылы «QAZAQ AIR» АҚ әуе компаниясы** IOSA халықаралық стандартына сәйкестігін тағы да ойдағыдай растады және IATA ресми мүшесі болуын жалғастыруда. Аккредиттелген тәуелсіз аудиторлар әуе компаниясының операциялық және өндірістік қызметінің барлық бағыттары бойынша IOSA стандарттары мен ұсынылған практикаларының орындалуына тексеру жүргізді: ұшу қауіпсіздігін ұйымдастыру және басқару жүйесі, ұшуды жүргізу, ұшуды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету және ұшуды диспетчерлік қамтамасыз ету, әуе кемелерін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету, экипаж мүшелерінің жұмысы, жерде қызмет көрсету, жүк тасымалдау және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

**IOSA (IATA Operational Safety Audit) —** Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы шеңберінде әзірленген, әуе тасымалдаушыларының пайдаланушылық басқару және бақылау жүйелерін бағалауға арналған әуе компанияларының пайдалану қауіпсіздігі аудитінің бағдарламасы. IOSA стандарттары жөніндегі нұсқаулық 1000-ға жуық талаптарды қамтиды, олардың сәйкестігін әуе компаниясы аудит кезінде растауы керек.

QAZAQ AIR

IATA
IOSA
IATA Operational Safety Audit





# СЕНІМДІЛІК КЕПІЛДІГІ

2022 жылғы Skytrax беделді халықаралық рейтингінің нұсқасы бойынша Әуе компаниясы **«2022 жылғы Орталық Азия мен ТМД-ның үздік өңірлік әуе компаниялары»** номинациясының үздік үштігіне кірді.

Пандемия жылдары авиация индустриясы үшін өте ауыр болғанына қарамастан, QAZAQ AIR өз жолаушыларына бүгінгі күнге дейін көрсетіп келе жатқан қонақжайлылығы мен жоғары қызмет көрсету сапасын растады. **Skytrax – бұл сенімділік пен жоғары сапаның кепілдігі, сондай-ақ халықаралық аренада танылудың дәлелі.**

2021-2022 жылдардағы Skytrax сауалнамасының нәтижелерінде
**350-ден астам** әуе компаниясының атаулары айтылды. Сауалнамаға қатысушылар - жолаушылар мен авиасарапшылар әуе компаниясының сайтын, рейске тіркеу мен отырғызуды, ұшақ салонының тазалығын, борттағы ойын-сауықты, бортсеріктердің сыртқы түрі мен қызмет көрсетуін, тамақтану сапасын, креслолардың жайлылығын және т.б. бағалады.

WORLD AIRLINE SKYTRAX AWARDS 2022

# ЖОЛАУШЫЛАР ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҒЫ




Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының **(IATA)** ақпараты бойынша 2022 жылы әлемдік жолаушылар әуе тасымалының көлемі 2021 жылға қатысты 64,4%-ға ұлғайды, 2022 жылғы желтоқсандағы өсім 2021 жылғы желтоқсанға қарағанда **39,7% құрады.**

**2022 жылғы көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда жақсарғанын көрсетті**, сол кезде тасымалдау көлемі ковидке дейінгі 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 58,4%-ға төмендеген болатын. IATA деректеріне сәйкес, 2021 жылға қарай ең күшті өсім Таяу Шығыста — 144,4% және Еуропа елдерінде — 100,2% тіркелген. Африка елдерінде ұлғаю 84,9% құрады, Азия-Тынық мұхиты аймағы — 34%, Латын Америкасы — 62,7%, Солтүстік Америка — 45,5%.

Желтоқсан айындағы тасымалдау 2021 жылға қатысты 39,7%-ға, ал 2019 жылға қатысты 23,1%-ға төмендеді. Аймақтық бөліністе желтоқсан айында Африка елдерінде едәуір өсім байқалды — 108%-ға. Таяу Шығыс елдерінде 2022 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштердің 2021 жылғы желтоқсанға қатысты өсімі 65,1% құрады, АТМ елдерінде — 63,3%, Еуропа — 38,8%, Солтүстік Америка — 18,4%, Латын Америкасы — 16,2%.

2022 жылы халықаралық жолаушылар әуе тасымалдарының көлемі 2021 жылға қатысты 152,7%-ға, ішкі тасымалдардың көлемі 10,9%-ға ұлғайды. Желтоқсан айында халықаралық әуе тасымалы 2021 жылмен салыстырғанда 82,2%-ға өсті, ішкі әуе тасымалы — 2,6%-ға.

**Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы (ICAO) пандемияның әлемдік авиация саласына экономикалық әсерін келесідей бағалайды:**
COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау саласына ғана емес, сонымен бірге экономика, әлеуметтік және гуманитарлық салаларға да әсер етті. Вирустың таралуымен күресу және халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі жаһандық күш-жігер аясында бүкіл әлем бойынша үкіметтер толық немесе ішінара оқшаулау режимдерін енгізіп, шекараларды жапты және саяхатқа қатаң шектеулер қойды, сондай-ақ аса қажеттіліксіз сапарлардан аулақ болуды ұсынды. Аталмыш шаралар әуе тасымалына сұраныстың күрт төмендеуіне әкелді және авиация саласына айтарлықтай зиян келтірді, бұл оны ең көп зардап шеккен секторлардың біріне айналдырды.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ НАРЫҒЫ

2022 жылы бүкіл әлем елдері COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарыспен күресуді жалғастырды, сондай-ақ әлемдегі геосаяси жағдайдың экономикалық салдарымен бетпе-бет келді.
2022 жылдың бірінші жартыжылдығында әлемдік экономиканы жаһандық қалпына келтіру мүмкіндігіне қарамастан, келіп түскен экономикалық деректер геосаяси және әлеуметтік шиеленістер аясында серпіннің жоғалғанын көрсетті. 2022 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік экономика 3,4%-ға құлдырауын көрсетті. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) мәліметтері бойынша дамыған экономикалардың жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 2,7%-ға баяу өсу қарқынын көрсетті, ал дамушы елдер үшін бұл көрсеткіш 3,9% құрады.

Халықаралық әуе тасымалының көлемі әлі толық қалпына келмегеніне қарамастан, QAZAQ AIR халықаралық бағыттардағы жолаушылар саны өткен жылмен салыстырғанда **4,5 есе өсті**.




# ІШКІ ӘУЕ ТАСЫМАЛЫ НАРЫҒЫН ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақстанда өңірлік тасымалдау саласында ыңғайлы және қолжетімді әуе тасымалдарымен жеткілікті дәрежеде қамтылмаған бағыттар қалып отыр. Бұл ретте өңірлік қатынастарды дамыту Қазақстан облыстарының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда біздің жолаушылардың көпшілігі басқа әуе компанияларында жоқ бірегей бағыттарды пайдаланады. **«QAZAQ AIR» АҚ** ішкі әуе тасымалдарын дамыту бойынша қарқынды жұмысты жалғастыруда және Қазақстан экономикасының сапалы өсуін қолдау және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында шекара маңындағы бағыттарда жұмыс істейтін болады.

**20, 4 млрд**

Жалпы табыс, теңгемен

табыстың артуы
**61%**




# НӘТИЖЕГЕ ӘСЕР ЕТКЕН ФАКТОРЛАР

2022 жылдың қорытындысы **«QAZAQ AIR» АҚ** әуе тасымалдаушысының қалыптасуының негізгі нәтижелеріне қол жеткізгенін және Қазақстанның азаматтық авиациясының дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

2022 жылы Әуе компаниясы кірістердің **61% өсімін**, оның ішінде халықаралық ұшу бағдарламасын ұлғайту есебінен көрсетті.

Сонымен қатар, 2022 жылы рейстерді уақтылы орындау көрсеткішінің төмендеуіне әсер еткен бірқатар факторларды атап өту қажет:

- жергілікті әуежайлардың инфрақұрылымы: қызмет көрсететін жабдықтардың шектеулі саны және ауа райы жағдайлары; қозғалтқыштарды тексеру үшін ӘК тұрақтарының болмауы және оларды ұйымдастыру қиындықтары) және персоналдың жетіспеушілігі;

- 2022 жылы тасымалдау санына әсер еткен тұрақсыз геосаяси жағдай.

# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

| Көрсеткіш | 2022 | 2021 |
|---|---|---|
| **Өндірістік көрсеткіштер:** | | |
| Жолаушылар ағыны, мың адам | 561 | 569,8 |
| Жүк тасымалдарының көлемі, тонна | 32,1 | 50,2 |
| ӘК-нің жүктелу коэффициенті, %-бен | 82 | 78 |
| Рейстерді уақтылы орындау көрсеткіші, %-бен | 75,7 | 73 |
| **Қаржылық көрсеткіштер, млрд. теңгемен:** | | |
| Түсім | 20,4 | 12,8 |
| Дивидендтер | 0 | 0 |
| Таза залал | -6,6 | -6,5 |
| Операциялық шығындар | 18,9 | 15,1 |
| Операциялық пайда/залал | 3,2 | -2,8 |
| Төленген салықтардың көлемі | 0,8 | 0,8 |

## ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ:

- Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) пайдалану қауіпсіздігіне жүргізген 4-ші аудит тексерісі ойдағыдай өтті, бұл әуе компаниясының IOSA (IATA Operational Safety Audit) стандарттарына сәйкестігін растады. Әуе компаниясының IOSA операторының сертификаты мен мәртебесі 2024 жылғы қарашаға дейін ұзартылды;
- 561 мыңнан астам жолаушы тасымалданды, 29 бағыт бойынша 8 564 авиарейс орындалды;
- әуе кемелерінің жүктелу коэффициенті 82% құрады (2021 жылғы деңгейге қарағанда өсім 4 % құрады);
- әуе компаниясы халықаралық рейстер көлемін едәуір ұлғайтты, халықаралық бағыттарда тасымалданған жолаушылар саны 2021 жылмен салыстырғанда 4,5 еседен астам өсті;
- Атырау – Астрахань және Астана – Тюмень, сондай-ақ Ақтөбе – Баку жаңа халықаралық рейстері іске қосылды;
- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қолдауымен Түркістан, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар мен Талдықорған қалаларына субсидияланатын рейстер орындалды;
- Әуе компаниясының агенттік сату желісі 12 жаңа туристік агенттікпен толықтырылды;
- қосымша қызметтерді (багаж, орын, тамақ және т.б.) сатудан түскен табыс 2 еседен астам өсті
- · Әуе компаниясы жанынан алғаш рет Бортсеріктер мен ұшқыштарды оқыту бойынша авиациялық оқу орталығы құрылды. Өзінің оқу базасы авиация персоналының сапалы дамуына, сондай-ақ ең өршіл инновациялық бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік беретін кадр резервін құруға ықпал етеді;
- қосымша қызмет – SKYBAR борттағы тамақтану бағдарламасы іске қосылды;
- Германия мен БАӘ сертификатталған орталықтарында барлық әуе кемелеріне базалық техникалық қызмет көрсету ойдағыдай жүргізілді;
- · PW150A бес қозғалтқышына, оның ішінде Pratt&Whitney Canada өндіруші зауытында жөндеу жүргізілді;
- · техникалық блокты Нұрсұлтан Назарбаев әуежайының аумағындағы жаңа ұшақтұраққа ауыстыру жүргізілді.

**2022 ЖЫЛҒЫ ЖАЛПЫ КІРІС**

**20 415** МЛН. ТЕҢГЕМЕН

**2022 ЖЫЛЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖОЛАУШЫЛАР**

**561 000**

**ЖҮРГІЗІЛГЕН ҰШУ/ҚОНУ САНЫ**

**8 564**

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

## Миссиясы:

Қазақстан Республикасы бойынша және шекара маңындағы өңірлерде қауіпсіз өңіраралық әуе тасымалдарының қолжетімділігін арттыру.

## Пайымы:

Ұзақ магистралдық әуе тасымалдаушыларымен өзара тиімді әріптестік аясында ұшу қауіпсіздігі мен қызмет көрсету сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін оңтайлы флоты, өзінің ұшқыштар штаты және техникалық қызметі бар өңіраралық әуе компаниясы.

**Стратегиялық мақсаттары:**

- Қауіпсіздік және операциялық тиімділік
- Өңіраралық әуе тасымалдарын дамыту
- Тұрақты даму

**Қауіпсіздік және операциялық тиімділік**

- IOSA халықаралық қауіпсіздік сертификаты
- Астанадағы базаны дамыту
- Өзінің инженерлік-техникалық қызметін дамыту
- Жергілікті ұшқыштар мен инженерлерді оқыту
- Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы мен пайдаланудың әлемдік стандарттарына сәйкестігі



# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



**Тұрақты даму**
· Корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу
· Адам ресурстарын басқарудың озық тәжірибелерін қолдану
· Қоршаған орта үшін жауапкершілік

**Стратегиялық міндеттері**
· Шығындар құрылымын оңтайландыру және валюталық шығындар үлесін азайту
· Флотқа иелік етудің оңтайлы құрылымы және сатып алуды қаржыландыру схемасы
(әуе кемелерін жеңілдікті шарттармен сатып алу)
· Қосымша қызметтерді дамыту
(ақылы багаж, сақтандыру, тамақтану және т.б.)
· Дистрибуцияны арттыру

**Қазақстан Республикасында өңіраралық әуе тасымалдарын дамыту**
· Әуе кемелерінің санын ұлғайту
· Бағдарлық желіні оңтайландыру
· Халықаралық бағыттарды іске қосу және өңірлік бағыттар желісін кеңейту
· Ұзақ магистралдық әуе компанияларымен серіктестік қатынастарды дамыту

# НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

**Негізгі қаржылық көрсеткіштер, мың теңгемен**

**Кірістер** (Өзгеріс, %-бен)




**EBITDA** (Өзгеріс, %-бен)




**Операциялық пайда/(залал)** (Өзгеріс, %-бен)




**Жиынтық табыс/(залал)** (Өзгеріс, %-бен)




Әуе компаниясы көрсеткіштерінің тұрақты оң үрдісі, оның ішінде кіріс мөлшерлемелерінің өсуі және операциялық шығындардың төмендеуі. Көрсеткіштердің өсуі 2022 жылы жалғасты және есепті кезеңде табыстылық пен қаржылық нәтиженің жақсаруын қамтамасыз етті. Әуе компаниясы 2021 жылы пандемияның авиацияға бұрын-соңды болмаған әсерін ойдағыдай жойды, жыл сайынғы оң серпінді жалғастырды және 2022 жылғы қаржылық нәтижелерді айтарлықтай жақсартты.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР




Тасымалданған жолаушылар саны




Орындалған рейстер саны




Жолаушылардың жүктелу коэффициенті

QAZAQ AIR жолаушылар ағыны 2022 жылы 561 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 2%-ға төмен. Әуе компаниясының орындалған рейстерінің саны 2022 жылы 8 564 құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 7%-ға төмен.

Астана қ. бұрын құрылған өңіраралық хабы бар Әуе компаниясының бағдарлық желісінің нысаналы қуатына қол жеткізілді. Ұшу тиімділігі артты: халықаралық бағыттарды қоса алғанда, ұшақ рейстерінің және тұрақты авиамаршруттар саны артты.

# НАШАР ДАМЫҒАН ӨҢІРЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАНАТЫН БАҒДАРЛАРДЫ ОРЫНДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**QAZAQ AIR** әлеуметтік маңызы бар субсидияланатын бағдарларды орындау арқылы өңірлердің ұтқырлығы мен қолжетімділігін дамытуға өз үлесін жүзеге асыруды жалғастыруда.

Әуе компаниясы жыл сайын конкурстық негізде өңірлік және өңіраралық бағдарларды субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламасына қатысады.

Өз меншігіне әуе кемелерін сатып ала отырып, **QAZAQ AIR** субсидияланатын бағдарларға қызмет көрсетуге теріс қаржылық салдарсыз қатысу құқығына ие болды. Ұлттық заңнамада тек өзінің әуе кемелерін немесе қаржы лизингіне тартылған әуе кемелерін пайдаланғаны үшін өтемақы қарастырылған.




## 2021-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ СУБСИДИЯЛАНАТЫН БАҒДАРЛАР

- Астана – Талдықорған – Астана
- Астана – Павлодар – Астана
- Түркістан – Ақтөбе – Түркістан
- Түркістан – Қостанай – Түркістан
- Түркістан – Орал – Түркістан
- Түркістан – Павлодар – Түркістан
- Түркістан – Өскемен – Түркістан
- Алматы – Жезқазған – Алматы
- Қарағанды – Жезқазған – Қарағанды

# ЕЛДІҢ ЖӘНЕ ӨҢІРЛЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Астанада базасы бар QAZAQ AIR өңіраралық бағдарлық желісі:

- Қазақстанның астанасы кластерін дамытуға: жыл бойы АСТАНА – ӨҢІР тұрақты әуе қатынасы құрылады;
- QAZAQ AIR базалық әуежайында тікелей әуе қатынасы мен ыңғайлы түйісу мүмкіндігінің үйлесімі – өңіраралық авиакөлік қосылымына;
- Алакөл көлінің және Түркістанның жаңа орталығының маусымдық өңірлік туристік кластерлеріне қызмет көрсетуге ықпал етеді

Көлемі бойынша әлемнің тоғызыншы елі болып табылатын Қазақстандағы қолжетімді өңіраралық әуе қатынасы әртүрлі салалардағы шағын және орта бизнестің мүмкіндіктерін кеңейту үшін таптырмас инфрақұрылым болып табылады.

# АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

QAZAQ AIR Әуе компаниясының авиациялық қауіпсіздік саласындағы саясатын іске асыруға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылы Әуе компаниясы Астана қ. ҰҚКД-мен бірлесіп авиациялық қауіпсіздік деңгейіне тыйым салынған заттарды алып өту\алып жүру, сондай-ақ бақыланатын аймаққа бөгде адамдардың кіруі тұрғысынан ішкі тексеру жүргізді. Тексеру қорытындысы бойынша авиациялық қауіпсіздіктің жақсы деңгейі атап өтілді.

Сондай ақ авиациялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін сақтау үшін тұрақты негізде ICAO стандарттарына және ҚР авиациялық билік талаптарына сәйкес авиациялық қауіпсіздік бойынша ішкі аудитордың тексерулері жүргізіледі.

2022 жылы Әуе компаниясының авиациялық қауіпсіздік бойынша сапаны бақылау аудиторы инженерлік, ұшу қызметтерін және проблемаларды жойған құрылымдық бөлімшелердің орындауына қабылданғандарды инспекциялады.

2022 жылы жоспарлы аудит шеңберінде Қазақстанның авиациялық әкімшілігі авиациялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін атап өтті, тексеру барысында бірде-бір ескерту жасалмады және процесті жақсарту мақсатында Әуе компаниясына тек 1 ұсыныс жазылды, бұл кейіннен ескеріліп, іске асырылды.

Бұдан басқа, QAZAQ AIR жүргізетін авиациялық қауіпсіздік жөніндегі авиациялық саясат IOSA стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау арқылы авиациялық қауіпсіздіктің стандартталған деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Мәселен, 2022 жылы Әуе компаниясы IOSA халықаралық аудитінен ойдағыдай өтті. Авиациялық қауіпсіздік қызметі авиациялық қауіпсіздік шеңберінде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында сыртқы өнім берушілерді тексеру саласында бір ескерту алды.

Әуе компаниясы авиациялық қауіпсіздік шеңберінде Ұлттық заңнама тарапынан барлық заңнамалық талаптарды (тексеру шарттары мен кезеңділігі бойынша сыртқы өнім берушілерге міндетті талаптарды қосу арқылы) ойдағыдай жаңартты.

## СОНДАЙ-АҚ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУШІЛЕР МЫНА ӘУЕЖАЙЛАР БОЛДЫ:

1. «Түркістан халықаралық әуежайы» АҚ
2. «Өскемен әуежайы» АҚ
3. Талдықорған қаласындағы «Жетісу» әуе компаниясы
4. «Шымкент әуежайы» АҚ
5. «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ
6. Ақтөбе қ. «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ
7. Екатеренбург қ. «Кольцово әуежайы» ЖАҚ
8. Новосибирск (Толмачёво) халықаралық әуежайы
9. «Орал» халықаралық әуежайы» ЖШС
10. Атырау қ. «Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайы» АҚ
11. Қарағанды қ. «Сары-Арқа» әуежайы» АҚ
12. «Омбы әуежайы» ААҚ
13. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Қостанай» халықаралық әуежайы» АҚ
14. «Алматы» халықаралық әуежайы» АҚ

# ҰШУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Біздің жолаушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі Әуе компаниясының ұшу қауіпсіздігінің ең жоғары деңгейіне қол жеткізуге және қызмет көрсету кезінде ұлттық және халықаралық қауіпсіздік стандарттарын сақтауға бағытталған басым міндеті болып табылады. Әуе компаниясының бүкіл командасы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады.

**2022 жылы** қауіпсіздік қауіп-қатер факторларын анықтау, қауіпсіздік тәуекелдерін басқару, ұшу қауіпсіздігі көрсеткіштерін мониторингілеу және корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін ілгерілету процестерін қоса алғанда, Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (ҰҚБЖ) шеңберінде бағдарламаларды енгізу және жетілдіру бойынша жұмыс белсенді түрде жалғасты.

**QAZAQ AIR** Қазақстанда ұшу қауіпсіздігін басқарудың озық және толық интеграцияланған жүйесі бар. Сонымен қатар, Ұшу қауіпсіздігін басқару департаментінде күн сайын әуе кемелері экипаждарының рейстерді орындау нәтижелері бойынша ескертулері зерделенеді және талданады. Қажет болған жағдайда анықталған кемшіліктер фактісі бойынша және оларды жою мақсатында жұмыс ұйымдастырылады.





# ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі компанияның стратегиялық мақсаттарын іске асырудың негізін айқындайды.

QAZAQ AIR қауіпсіздік мәдениетін қызметтің барлық аспектілеріне енгізе отырып, жарақат алу және жазатайым оқиғалардың туындау қаупін азайта отырып, өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштерін ұстанады.

**2022 жылы жұмыс уақытын жоғалту жарақаттарының коэффициенті (LTIF) 0-ге тең, кезең ішінде жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ.**

## ESG ҚАҒИДАТТАРЫ

IATA зерттеуіне сәйкес, бүкіл әлемдік көлік индустриясына барлық $CO_2$ эмиссиясының 15.9%-ы тиесілі, оның тек 1.9%-ы - авиацияға. Әуе компаниясының флотында қолданылатын DHC-8 series 400 үлгісіндегі әуе кемелері 1000 км дейінгі қашықтықтағы қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша ең тиімді авиалайнерлердің бірі болып табылады. Бір DHC-8 series 400 жолаушылар креслосына шаққандағы отын шығыны мен $CO_2$ шығарындылары ұқсас көлемдегі аймақтық ұшақтарға қарағанда 35%-ға төмен және сыйымдылығы жоғары тар фюзеляжды реактивті ұшақтармен салыстыруға болады. Флоттың жоғары тиімділігіне қарамастан, Әуе компаниясы авиаотын тұтынуды азайту жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жалғастыруда, Әуе компаниясының ұшқыштары көбінесе қозғалтқыштардың айналу сәтін 10%-ға дейін төмендеткен әуе кемесін ұшыру практикасын қолданады.



# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

**QAZAQ AIR операциялық қызметтің халыққа және қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға**, қоршаған ортаға зиян келтіретін өндірістік апаттардың алдын алуға ұмтылады, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ұдайы ұлғайтуды қолдайды. Біз энергия тиімділігін арттыруды, ресурстарды үнемдеуді және баламалы энергия көздерін пайдалануды жақтаймыз. Әуе компаниясының басшылығы QAZAQ AIR қызметінің экологиялық аспектілеріне қолданылатын заңнамалық және басқа да талаптарды сақтау бойынша міндеттемелерді өзіне алады.
Біз жұмысты орындау және алдымызға қойылған мақсаттарға жету кезінде адамдарға зиян келтірмеу және қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын ұстанамыз. **Біздің Компания кез келген жаңа қызмет түрінің қоршаған ортаға әсерін бағалайды.**

QAZAQ AIR экологиялық саясаты жолаушыларды, багажды, поштаны және жүктерді тасымалдаудың энергетикалық және экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған.

**Экологиялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін QAZAQ AIR:**

- экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін қолдауды жүзеге асырады;
- экологиялық көрсеткіштерді арттырудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау мақсатында операциялық қызмет пен технологиялық процестерді мониторингілеу және талдауды;
- қалдықтарды кәдеге жаратудың ең тиімді әдісі ретінде шикізатты қайта өңдеуге баса назар аудара отырып, қалдықтарды басқаруды;
- әуе кемелерінің қозғалтқыштарынан шуыл мен шығарындыларды, атмосфераға ластаушы заттарды азайтуға ықпал ететін бағдарлық желіні оңтайландыруды;
- қызметтің экологиялық тиімділігі көрсеткіштері негізінде өнім берушілерді іріктеуді;
- QAZAQ AIR қызметкерлерін Әуе компаниясының қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері туралы хабардар ету және қалдықтарды кәдеге жарату мәдениетін тәрбиелеуді жүзеге асырады.



# АВИАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКАҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

QAZAQ AIR әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жүйесі қауіпсіздіктің жоғары деңгейін, пайдаланылатын техниканың техникалық жарамдылығын және ұшақ рейстерінің уақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

2022 жылы QAZAQ AIR Техникалық департаменті Нұрсұлтан Назарбаев әуежайындағы жаңа ұшақтұраққа көшті.

Әуе компаниясының бес әуе кемесі Contact Air Technik (Германияда) және ADA (Абу-Дабиде, БАӘ) сертификатталған ұйымдарында базалық ТҚК өтті.

Pratt&Whitney Canada (Канада) және Standard Aero (Сингапур) өндірушілерінің зауытында бес PW150A қозғалтқышына жөндеу жүргізілді.

Сондай-ақ QAZAQ AIR мынадай бөлімшелерді қамтитын АКТҚКжЖ-ға жауапты техникалық блогы қызметкерлерінің штат саны ұлғайтылды:

- **Ұшуға жарамдылығын қолдау бөлімі:** ұшуға жарамдылығын қолдау, жөндеу, модификациялау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ТҚҚ бағдарламаларына және өндірушілердің ұсынымдарына сәйкес әуе кемелерінің флоты мен компоненттеріне жоспарлы қызмет көрсету стратегиясын әзірлеу және іске асыру.

- **Логистика бөлімі:** авиациялық техниканы жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді жеткізуді қамтамасыз ету, әуе кемелері мен олардың компоненттеріне уақтылы қызмет көрсету үшін жаһандық логистика.

- **Жедел техникалық қызмет көрсету бөлімі:** Уақтылы ұшуды және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында QAZAQ AIR әуе кемелеріне 24/7 режимінде техникалық қызмет көрсету.



# ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

**Жерде қызмет көрсету қызметі әуежайларда жолаушылармен өзара іс-қимыл сапасын жақсарту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.** Аталмыш бөлімшенің мақсаты – ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әуежайда жолаушыларға қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде сапалы сервис ұсыну және жайлы жағдай жасау. Сондай-ақ бұл қызмет әуе кемелеріне уақтылы және сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасайды.

2022 жылы Әуе компаниясы 21 әуежайға жолаушылар авиарейсін, оның ішінде Ресей Федерациясының Омск, Новосибирск, Казань, Екатеринбург, Челябинск қалаларына 5 тұрақты авиарейсін орындады. Бұған қоса, Әзірбайжан Республикасының астанасы - Баку қаласына тұрақты рейстер ашылды. Ұшудың негізгі бағыттары өтетін және транзиттік жолаушылар ағыны табысты іске асырылатын Астана, Ақтөбе, Атырау және Шымкент сияқты негізгі қалаларда Әуе компаниясының өз қызметкерлері бар. Қалған 17 қалада шығындарды оңтайландыру үшін компанияның аутсорсингі ойдағыдай пайдаланылуда.

2022 жылы Кәсіпорын 8 564 рейсті орындады, олардың 1 638-і чартерлік және халықаралық рейстер болды. Қызмет көрсетілген жолаушылардың жалпы саны 561 053 адамды құрады, оның ішінде 94 228 жолаушы - халықаралық рейстермен саяхаттаушылар.

Әуе кемелеріне қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында әуежайдың инженерлік-авиациялық қызметтерінің жұмыскерлері үшін қашықтықтан оқыту және қызмет көрсетуге рұқсат беру бағдарламасы енгізілді. Аталмыш бағдарлама сервистік қызмет көрсетуге тартылған барлық 276 қызметкерді қамтыды және Қазақстан Республикасының 21 әуежайында және одан тыс жерлерде іске асырылды.

Сондай-ақ Ақтөбе мен Түркістан қалаларында 25 минут ішінде «айналмалы рейстер» режимінде әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша жоба әзірленді және енгізілді.

Осы жобаны басқа әуежайларда іске асыру арқылы кеңейту жалғасуда.

Қызметтің негізгі жұмысы жолаушыларға, багажға, поштаға қызмет көрсетуге, сондай-ақ өсіп келе жатқан сұраныстар мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған. Әуе компаниясы жолаушыларға әртүрлі қызметтердің кең спектрін ұсынады. Алайда бөлімше жұмысының елеулі бөлігі тек жолаушыларға қызмет көрсетумен ғана емес, сонымен қатар ұшуға дайындық кезінде әуе кемелеріне қызмет көрсетуді қамтамасыз етумен және бақылаумен байланысты. Бұл тұрақ кезінде әуе кемелеріне уақтылы сервистік қызмет көрсетуді, жолаушыларды отырғызу/түсіруді, багажды, жүкті, поштаны тиеу/түсіруді, сондай-ақ терминалда да, алаңда да авиациялық қауіпсіздік қағидаларын және қауіпсіздік техникасын сақтауды қамтиды.

**Әуе компаниясы үнемі даму үстінде және жолаушыларға ұсынылатын сервистің сапасын арттыруға ұмтылады.**



# САТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1

2022 жылы Әуе компаниясының агенттік сату желісі 12 жаңа туристік агенттіктермен толықтырылды.

2

Тиісті айыппұл санкцияларымен ықтимал бұзушылықтар тізбесін, сондай-ақ оларды реттеу рәсімін қамтитын агенттік желімен жұмысты регламенттейтін құжат – ADM саясаты енгізілді.

3

Әуе компаниясы дистрибуцияны кеңейтуді жалғастыруда – M2 ККП көпжақты келісімінің негізінде жолаушылар ҚР шегінен тыс басқа қатысушы әуе компанияларымен ыңғайлы түйісулерді ресімдеу мүмкіндігіне ие болды.

4

Бағдарлық желінің кеңеюіне байланысты халықаралық бағыттардағы тарифтік саясат жаңартылды, брендтік тарифтер жолаушылар үшін дербес жағдайларды таңдауға көбірек мүмкіндіктер береді.

5

Сатуды қолдау мақсатында Көлік клирингтік палатасымен (ККП) және Aviasales мета-іздеу сервисімен жасалған келісімдер ұзартылды.

6

IQ BONUS бейілділік бағдарламасына қатысушылар саны екі есе өсті.
5 жолаушы бонустық жинақ бойынша алғашқы рейстерін жасап үлгерді.

# ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

2022 жылы Әуе компаниясында тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу Жалғыз акционердің нормативтік құжаты - Қордың Директорлар кеңесі бекіткен **(2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 хаттама)** «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде **«Самұрық-Қазына» АҚ-ға** меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылды.

Әуе компаниясының әуе кемелерінің техникалық жай-күйін сақтау үшін, оның ішінде оларды мамандандырылған кәсіпорындарда жөндеу бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу ерекшеліктері **«QAZAQ AIR» АҚ Басқармасы 2022 жылғы 16 наурыздағы №04-2022 бекіткен** Сатып алу қызметін басқару қағидаларымен регламенттеледі.

Сатып алуды өткізу кезінде Әуе компаниясы сатып алудың жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, негізсіз шектеулерге жол бермеу, сондай-ақ оң экономикалық тиімділікке қол жеткізу және шығындарды барынша азайту, сапалы тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында сатып алуға қатысушыларды барынша кеңейту қағидаттарын басшылыққа алады. 2022 жылы сатып алу процестері **zakup.sk.kz порталында электрондық сатып алу жүйесі базасында** электрондық форматта, ашық тендер, бәсекелестік келіссөздер жүргізу жолымен тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларға сәйкес сатып алу туралы шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту көзделген. Сондай-ақ әлемдік жағдайдың тұрақсыздануына және санкциялық шаралардың күшеюіне байланысты шарттарда санкциялық ескерту көзделген.

2022 жылы **360-тан астам өнім берушімен 18 744 млн теңгеге 841 шарт жасалды**, үнемдеу шамамен 59 млн теңгені құрады.

# МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Компанияның іскерлік беделіне әсер ететін маңызды фактор сыртқы және ішкі коммуникациялар болып табылады. 2022 жылы ақпараттық-коммуникациялық жұмыс нысаналы аудиториялармен коммуникациялық өзара іс-қимыл құралдарын нығайтуға және дамытуға бағытталды.

2022 жылы **«QAZAQ AIR» АҚ-да 5 ақпараттық байланыс арналары жұмыс істеді**, олардың мақсаты «QAZAQ AIR» АҚ оң имиджін қалыптастыру және PR-мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Компанияның негізгі байланыс арналарына мыналар жатады:
- **www. flyqazaq.com** ресми интернет-ресурсы;
- **Facebook, Instagram, YouTube** әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттар;
- Әуе компаниясының **Telegram-каналы**;
- **QAZAQ AIR** корпоративтік хабаршысы;
- **pr@flyqazaq.com** бірыңғай ақпараттық тарату.

Компанияның тікелей коммуникацияларының тиімді тетіктерін құру, сондай-ақ жұртшылықты негізгі нәтижелерімен, «QAZAQ AIR» АҚ қызметінің жаңалықтарымен ақпараттандыру мақсатында есепті кезеңде Компанияның ресми интернет-ресурсында **70-тен астам баспасөз хабарламасы орналастырылды**. Сонымен қатар, 2022 жылы QAZAQ AIR қызметіне қатысты 400-ден астам материал халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі БАҚ-та жарияланды. Әлеуметтік желілерде Компанияның қызметі, жаңа әуе қатынастарының іске қосылуы және жаңартылған рейстер туралы **500-ден астам хабарлама жарияланды**. Сондай-ақ PR және жарнама бөлімі жолаушылармен жанжалды жағдайларды шешуге белсенді қатысты, БАҚ-тың әрбір сұрауын пысықтады және журналистермен бірлесіп рейстердің кешігуі, ұшу кестесіндегі өзгерістер және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі ережелер туралы ақпаратты жедел жеткізді.

Имиджді нығайту, авиабилеттерді сатуды ынталандыру, сондай-ақ жолаушылардың бейілділігін арттыру үшін Әуе компаниясы бірқатар **имидждік және маркетингтік іс-шараларды жүзеге асырды**:

- Әуе компаниясының **7 жылдығына және Халықаралық азаматтық авиация күніне** орай авиабилеттерге жеңілдік беру бойынша арнайы акциялар ұйымдастырылды;
- Барлық қысқы кезеңге Әуе компаниясы жолаушылар үшін **барлық бағыттарда спорттық жабдықтарды** тегін тасымалдау акциясын ұйымдастырды. Ұлттық домбыра күнін мерекелеу аясында жолаушыларға **музыкалық аспаптарды** тегін тасымалдау ұсынылды;
- 2022 жылы сатуды ынталандыру үшін авиабилеттерді **сату сервистерімен бірлесіп авиабилеттерге акциялар өткізілді**;
- Бейілді аудиторияны арттыру үшін **IQ BONUS** бағдарламасы бойынша қосымша және сәлемдесу бонустарын есептеу акциялары өткізілді, бұл жолаушыларға билеттерге лезде жеңілдік **(3% дейін)** алу немесе QAZAQ AIR рейстерімен ұшу үшін бонустарды есептеу мүмкіндігі арасында өз бетінше таңдау жасауды ұсынады;
- Әуе компаниясы әлеуметтік желілердегі өз аккаунттарының парақшаларында балалар суреті байқауын ұйымдастыра отырып, кішкентай жолаушыларға ерекше көңіл бөлді. **Байқау аяқталғаннан кейін қызметкерлердің балалары үшін ұшақ бортына танымдық және кәсіптік бағдар беру экскурсиясы ұйымдастырылды.**

2022 жылы **«QAZAQ AIR хабаршысы»** электрондық корпоративтік басылымы енгізілді, ол компанияның корпоративтік мәдениеті мен бірыңғай ақпараттық кеңістігін ғана емес, сондай-ақ қызметкерлердің ұйымшыл корпоративтік рухын, бейілділігі мен адалдығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ай сайынғы хабаршының көмегімен қызметкерлер компанияның маңызды жаңалықтары, әріптестерінің жұмыс күндері, құрылымдық бөлімшелердің жұмысы және жаңа қызметкерлер туралы біледі. Медиаресурс ішкі коммуникацияның маңызды құралдарының бірі, компания имиджінің құралы және ажырамас бөлігі болып табылады.

# ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазіргі уақытта басым қаржылық мақсаттар кіріс деңгейін арттыру және шығыстарды оңтайландыру болып табылады.

| Көрсеткіштер, мың теңгемен | 2022 | 2021 | 2020 | 2022 / 2021 |
|---|---|---|---|---|
| Кірістер | 20,415,161 | 12,753,160 | 7,652,007 | 60% |
| Операциялық шығыстар | -18,941,781 | -15,112,066 | -12,026,953 | 25% |
| Ағымдағы операциялық қызметтен түскен пайда/залал | 1,473,380 | -2,358,906 | -4,374,946 | 162% |
| Негізгі құралдарды қалпына келтіруден түскен пайда/ құнсызданудан болған залал | 1,720,455- | -441,593 | -5,813,581 | 490% |
| Операциялық қызметтен түскен пайда/залал | 3,193,835 | -2,800,499 | -10,188,527 | 214% |
| Басқа кірістер мен шығыстар | -5,097,381 | -4,961,335 | -5,043,797 | 3% |
| Салық салуға дейінгі залал | -1,903,546 | -7,761,834 | -15,232,324 | -75% |
| Табыс салығы бойынша шығындар/үнемдеу | -4,695,231 | 1,300,038 | 2,675,985 | -461% |
| Кезең ішіндегі залал | -6,598,777 | -6,461,796 | -12,556,339 | 2% |
| Табыс салығын шегергендегі есепті жылдағы өзге де жиынтық кіріс | - | - | -929,803 | - |
| Есепті жылдағы жалпы жиынтық шығын | -6,598,777 | -6,461,796 | -13,486,142 | 2% |

**2022 жылғы түсім**

Негізгі қызметтен түсетін кірістердің 60%-ға едәуір өсуі Астана қ. хабтан ұшудың дұрыс кестесін құру,
Әуе компаниясының ағымдағы флотпен толық өндірістік қуатқа шығуы, нарықтағы орташа тарифтің өсуі, чартерлік шарттар жасасу, халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыру нәтижесінде туындады.

# АҒЫМДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Операциялық шығыстарды тұрақтандыру операциялық лизинг шарттарын бір мезгілде алу арқылы бұзу, борттық тамақтандыру бойынша шығыстарды оңтайландыру **(Sky bar ақылы тамақтандыру сервисін ашу)** сияқты алдын ала қабылданған оңтайландыру шаралары есебінен өндірістік бағдарламаның кеңеюіне байланысты орын алды.

| Көрсеткіштер, мың теңгемен | 2022 | 2021 | 2020 | 2022/2021 |
|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | 34,047,398 | 29,243,322 | 28,785,259 | 16% |
| **Міндеттемелер** | 36,263,509 | 40,225,956 | 38,557,737 | -10% |
| **Меншікті капитал** | -2,216,111 | -10,982,634 | -9,772,478 | -80 |



**2022 жылдың соңында Әуе компаниясының активтері 34 млрд теңгені құрады.** 2022 жылғы өсім өткен жылмен салыстырғанда Әуе компаниясының 5,2 млрд теңге көлемінде меншікті ақша қаражатын жинақтауымен байланысты (2021 жылы - 3,7 млрд теңге).

2022 жылы тәуелсіз бағалау компаниясы **DHC–8 400 үлгісіндегі** бес әуе кемесінің әділ нарықтық құнын бағалады. Әділ нарықтық құн IBE және Ascend аналитикалық агенттіктерінің жаһандық индикативтеріне негізделген. Тәуелсіз бағалаушының есебіне сәйкес Әуе компаниясы 2022 жылы пайда немесе залал туралы есепте әуе кемелерінің әділ құнының 1,7 млрд теңге сомасына өскенін таныды (2021 жыл: Covid–19 коронавирус пандемиясының әсеріне байланысты бағалау нәтижелері бойынша 0,4 млрд теңгеге азаю).

Қаржылық нәтижелілік Әуе компаниясының 2022 жыл үшін жылдық есебінің ажырамас бөлігі болып табылатын Әуе компаниясының 2022 жыл үшін жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде егжей-тегжейлі ашып көрсетілген.

**Негізгі оқиғалар:**

1) 2022 жылғы кірістер көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 60%-ға өсіп,
20,4 млрд. теңгені құрады;

2) EBITDA көрсеткіші Әуе компаниясы құрылған сәттен бастап 3,8 млрд. теңге мөлшерінде рекордтық деңгейге жетті (2021 жылы: 0,5 млрд. теңге);

3) Алғаш рет операциялық қызметтен 3,2 млрд. теңге мөлшерінде пайда алынды (2021 жылы: -2,8 млрд. теңге);

4) 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттарда 5,2 млрд. теңге мөлшерінде ақша қаражатының болуы бойынша рекордтық деңгейге қол жеткізілді (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 3,7 млрд. теңге);

5) Әуе компаниясы Атыраудан Астраханға және Ақтөбеден Бакуге, сондай-ақ миллион тұрғыны бар шекара маңындағы Омск, Новосибирск, Казань және Екатеринбург қалаларымен тұрақты халықаралық рейстерін бастады;

6) Бағдарлық желіге мемлекет субсидиялайтын әлеуметтік-маңызы бар келесі бағыттар кірді: Түркістаннан Қостанай, Орал, Ақтөбе қалаларына, Алматыдан Жезқазған қаласына, Астанадан Талдықорған мен Павлодар қалаларына, сондай-ақ Жезқазғаннан Қарағанды қаласына;

7) 2022 жылы уәкілетті орган 2018-2020 жылдар кезеңі бойынша тақырыптық салықтық тексеруді аяқтады;

8) «SKY BAR» борттық ақылы тамақтандыру сервисі іске қосылды, бұл бортта қызмет көрсету сапасын бір мезгілде жақсарта отырып, тамақтандыру шығындарын қысқартты;

9) 2022 жылы 5 әуе кемесіне жоспарлы базалық қызмет көрсету (с-чек) жүргізілді және 4 қозғалтқышта компоненттерге күрделі жөндеу жүргізілді;

10) Әуе компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) жәрдемдесуімен 2015-2021 жылдардан бастап операциялық қызметке арналған екі қарызды жарғылық капиталға айырбастау жөніндегі операцияны жүргізді.



Аудиттелген қаржылық есептілікте Әуе компаниясының 2022 жылғы негізгі көрсеткіштері мынадай серпінді көрсетті:

### Өндірістік

| Көрсеткіштер | 2022 | 2021 | Δ% |
|---|---|---|---|
| Жолаушылар ағыны, мың адам | 561 | 569,8 | -2% |
| Ұшу-қону | 8 564 | 9 254 | -7% |
| Әуе кемелерінің саны, бірл. | 5 | 5 | 0% |
| Орындалған жолаушылар километрлері, мың жолауш./ мың км | 441 | 445 | -1% |
| ӘК-нің жүктелу коэффициенті, % | 82 | 78 | 4% |

### Баланс

| ЖҚЕ көрсеткіші, млн. теңгемен | 2022 | 2021 | Δ |
|---|---|---|---|
| Активтер | 34,047 | 29,243 | 4,804 |
| Капитал | (2,216) | (10,983) | 8,767 |
| Міндеттемелер | 36,263 | 40,226 | 3,963 |

### Қаржылық (млн. теңгемен)

| Көрсеткіштер | 2022 | 2021 | Δ% |
|---|---|---|---|
| Түсім | 20,415 | 12,753 | 60% |
| Шығыстар | (18 942) | (15,554) | 21% |
| Ағымдағы операциялық қызметтен түскен кіріс/шығын | 1,473 | (2,359) | 162% |
| Операциялық қызметтен түскен кіріс/шығын (қайта бағалауды ескере отырып) | 3,193 | (2,801) | 214% |
| Депозиттер бойынша кірістер | 344 | 84 | 75,6% |
| Қаржылық қызметтен болған залал (дисконтты есептен шығарудан болған залал) | (4,645) | - | -100% |
| Таза кіріс/(шығын) | (6,599) | (6,462) | 2,1% |

## Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

| ЖҚЕ көрсеткіші, млн. теңгемен | 2022 | 2021 | Δ% |
|---|---|---|---|
| Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары | 4,732 | 731 | 4,001 |
| Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары | (3,244) | (1,249) | (1,995) |
| Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары | 12* | 2,545 | (2,533) |
| Ақшалай қаражаттың және оның баламаларының нетто ұлғаюы/(азаюы) | 1,500 | 2,027 | (527) |
| 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары | 3,675 | 1,675 | 2,000 |
| Бағамдық айырмалардың әсері | 57 | (27) | 84 |
| 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламалары | 5,232 | 3,675 | 1,557 |

*2022 жылғы қаржы қызметінде 33,947 млн. теңге сомасына акциялар шығарылымы және (33,932) млн. теңге сомасына қарыздарды өтеу, қаржылық жалдау бойынша өзге де төлемдер (3) млн. теңге көрсетілді, бұл жиынтықта 12 млн. теңгені құрады.

2022 жылғы қыркүйекте Қор 2015-2021 жылдары айналым капиталын қолдауға бұрын берілген қарыздарды өтеу үшін Әуе компаниясының жарғылық капиталын нысаналы толықтыру туралы шешім қабылдады (Қор Басқармасының 15.09.2022 ж. №51/22 шешімі). Айырбастау басым сатып алу құқығына сәйкес бір жай акция үшін орналастыру бағасы 230 794 теңгеден Әуе компаниясының 147 089 жай акциясын Қордың сатып алуы жолымен жүзеге асырылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Әуе компаниясы алғаш рет ағымдағы операциялық қызметтен 1,573 млн. теңге пайда алды (2021 жылы: - 2,358 млн. теңге).

2022 жылы операциялық қызметтен түскен пайда 3,193 млн. теңгені құрады (2021 жылы: -2,800 млн. теңге). Пандемияның әуе саласына әсер етуіне байланысты негізгі құралдардың (әуе кемелерінің) 1,720 млн. теңге мөлшерінде бұрын жүзеге асырылған құнсыздануын қалпына келтіру оң фактор болды.

2022 жылы Қор бұрын берген қолданыстағы қарыздар бойынша әуе кемелерін сатып алуға 560,4 млн. теңге сомасына сыйақы есептелді және капиталдандырылды.

Мынадай елеулі ақшалай емес транзакцияларды ескере отырып,
2022 жылы - 6,599 млн. теңге мөлшерінде таза шығын алынды (2021 жылы: - 6,462 млн. теңге), оның ішінде:

- 2022 жылғы қаржылық шығыстар Қордың 2019 жылы 5 әуе кемесін сатып алуға және 2015-2021 жылдардағы айналым капиталын 2022 жылы жарғылық капиталға айналдырғанға дейін ұстап тұруға ұсынған жеңілдікті қарыздардың нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтты амортизациялау есебінен 5,417 млн. теңгені (2021 жылы: 4,994 млн. теңге) құрады;

- 2022 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар жарғылық капиталға айырбасталған қарыздар үшін есептен шығарылған амортизацияланбаған дисконт сомасының 20% мөлшерінде кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстарды тану есебінен 4,695 млн. теңгені (2021 жылы: 1,300 млн. теңге) құрады.

Таза залалдың болуына байланысты Қор 2022 жылдың қорытындысы бойынша акционерге дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдады.

2022 жылы Әуе компаниясының және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты Жалғыз акционердің жолданымдары болған жоқ.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**Корпоративтік басқару жүйесі**

Әуе компаниясының негізгі стратегиялық міндеті – ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму. Бұл міндетті орындау үшін стратегияны іске асыруды қолдайтын тиімді корпоративтік басқару жүйесі құрылады. Корпоративтік басқару тиімділік, жеделдік және ашықтық қағидаттарына негізделген.

**Корпоративтік басқарудың негізгі ережелері:**

- Тұрақты даму
  - Компания өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерін түсінеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуі керек. Тұрақты даму мүдделі тараптармен ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі
  - Директорлар кеңесі ұйымға стратегиялық басшылық етуді және атқарушы органның қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады.
  - Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит
  - Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылды, бұл Компанияның өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Директорлар кеңесі мен атқарушы орган құратын ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылады.
- Ашықтық
  - Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания өз қызметінің барлық маңызды аспектілері, оның ішінде қаржылық жай-күйі, қызмет нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы және сенімді түрде ашады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**“Самұрық Қазына” АҚ**

**Директорлар кеңесі**

**Басқарма**

Корпоративтік хатшы

Ішкі аудит қызметі

Комплаенс қызметі

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті

Аудит және тәуекелдер комитеті

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**Акционер**

«QAZAQ AIR» АҚ акцияларының 100%-ы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі.
Қор қызметінің негізгі мақсаты ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді құндылығын барынша арттыру және олардың әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін оған меншік құқығында тиесілі акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылады. Қор туралы қосымша ақпаратт www.sk.kz ресми веб-сайтынан алуға болады.

Жалғыз акционер Әуе компаниясының Жарғысында және QAZAQ AIR корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тәртіппен акционердің функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы басқаруға қатысады.

Директорлар кеңесі Қоғамның стратегиялық басшылығын және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес даму жоспарын бекітеді, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне қадағалауды жүзеге асырады, негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуына мониторингті бекітеді және жүзеге асырады.



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

**2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі келесі бес директордан құралды:**



**Директорлар кеңесінің төрағасы,**
**«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі**

**Нурбаева Назира Нуртулеуовна**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешімімен «QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды.

| | |
|---|---|
| **Туған жылы** | 16.12.1975 |
| **Азаматтығы** | Қазақстан Республикасы |
| **Білімі** | **2000 ж. –** Алматы қ. Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы: «Қаржы және кредит».<br>**1996 ж. -** Wisconsin Richland университеті, мамандығы: «Бизнес-әкімшілендіру».<br>**1994-1998 жж. -** Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. |
| **Жұмыс тәжірибесі** | **2021 ж. -** Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.<br>**2020 ж. -** «Делойт TFC» ЖШС серіктесі, салық және заң қызметтері бөлімі. |



**Директорлар кеңесінің мүшесі,**
**«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі**

**Шарипов Тимур Сабржанович**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/22 шешімімен «QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып қайта сайланды.

| | |
|---|---|
| **Туған жылы** | 29.09.1977 |
| **Азаматтығы** | Қазақстан Республикасы |
| **Білімі** | **2008-2011 жж. –** «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Лидс университетімен (Ұлыбритания) бірлесіп Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан).<br>**2006-2007 жж. -** Көлік және бизнес менеджмент саласындағы ғылым магистрі, Лондон Империал Колледжі және Лондон Университетінің колледжі (Ұлыбритания).<br>**1994-1999 жж. -** Қатынас жолдарының инженері, Омбы мемлекеттік қатынас жолдары университеті (Ресей Федерациясы). |
| **Жұмыс тәжірибесі** | **2007 жылғы қазаннан – қазіргі уақытқа дейін –** Көлік және коммуникациялар департаментінің директоры, «Көлік және логистика» дирекциясының директоры, Аға менеджер, «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық» холдингі» АҚ Көлік-коммуникациялық активтер дирекциясының бас сарапшысы.<br>**1999-2006 жж.** Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде бірқатар түрлі басшылық лауазымдарды атқарды. |

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

**2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі келесі бес директордан құралды:**



**Тәуелсіз директор**

**Эшонкулов Бахтиёр Назаралиевич**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешімімен «QAZAQ AIR» АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды.

| | |
|---|---|
| **Туған жылы** | 02.04.1967 |
| **Азаматтығы** | Қазақстан Республикасы |
| **Білімі** | **2018 ж. -** CIA (сертификатталған ішкі аудитор), Ішкі аудиторлар институты, Хьюстон, АҚШ.<br>**1996-1998 жж. -** FCCA, Дипломды алқа бухгалтерлер қауымдастығының бағдарламасы (ACCA), Глазго, Ұлыбритания.<br>**1984-1995 жж. -** экономист, экономика ғылымдарының кандидаты, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті |
| **Жұмыс тәжірибесі** | **2020-2023 жж. -** Тәуелсіз директор, «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.<br>**2018 ж. –** қазіргі уақытқа дейін: қаржы директоры, Astana Investments LLC, Хьюстон, АҚШ.<br>**2019-2020 жж.:** серіктес, ХҚЕС мәселелері жөніндегі консультант, «RSM Qazaqstan», Алматы, Қазақстан. |



**Тәуелсіз директор**

**Бергенев Адылгазы Садвокасович**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 02 желтоқсандағы №66/22 шешімімен «QAZAQ AIR» АҚ тәуелсіз директоры болып сайланды.

| | |
|---|---|
| **Туған жылы** | 15.05.1958 |
| **Азаматтығы** | Қазақстан Республикасы |
| **Білімі** | **Жоғары** |
| **Жұмыс тәжірибесі** | **Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі.** |

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

**2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі келесі бес директордан құралды:**



**Басқарма төрағасы - Директорлар кеңесінің мүшесі**

**Наурызбаев Еркин Анесович**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 02 желтоқсандағы №66/22 шешімімен «QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

| | |
|---|---|
| **Туған жылы** | 05.12.1981 |
| **Азаматтығы** | Қазақстан Республикасы |
| **Білімі** | **2005-2007 жж.** – АҚШ ӘӘК ұшқыштар мектебі;<br>**2004-2005 жж.** – Түркия Республикасының ӘШҚҚ мектебі;<br>**1999-2004 жж.** – Түркия Республикасы ӘӘК әскери-әуе академиясы. |
| **Жұмыс тәжірибесі** | **2022 жылғы 09 қыркүйектен – қазіргі уақытқа дейін** - «QAZAQ AIR» АҚ Басқарма төрағасы;<br>**2022 жылғы 11 маусымнан - 2022 жылғы 09 қыркүйекке дейін -** «QAZAQ AIR» АҚ Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы;<br>**2020 жылдан – 2022 жылғы 11 маусымға дейін -** Персоналды даярлау қызметінің басшысы - «QAZAQ AIR» АҚ Басқарма мүшесі. |

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 2024 жылғы 26 сәуірге дейін белгіленген.

**2022 жылы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер**

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 18 ақпандағы №12/22 шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде Е.Д. Дурмагамбетовтың, Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде П.Ц. Атанасовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Осы шешіммен Н.Н. Нурбаева Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайланды, Т.С. Шарипов – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 02 желтоқсандағы №6/22 шешімімен: Қоғам Басқармасының төрағасы Е.А. Наурызбаев Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде және А.С. Бергенев тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің құрамына сайланды.

## Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы

2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары Қоғамның Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өткізілді. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі қажеттілігіне қарай кезектен тыс отырыстар өткізді. Есепті кезеңде барлығы Директорлар кеңесінің 14 отырысы өткізілді, оның 13-і - бетпе-бет, 1-і - сырттай. Барлығы 87 мәселе қаралды.

## Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу:

| Р/с № | Т.А.Ә. | Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу, %-бен | Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| 1 | Н.Н. Нурбаева | 100% | 18.02.2022 ж. - 31.12.2022 ж. |
| 2 | Т.С. Шарипов | 100% | 18.02.2022 ж. - 31.12.2022 ж. |
| 3 | Б.Н. Эшонкулов | 100% | 01.01.2022 ж. - 31.12.2022 ж. |
| 4 | А.С. Бергенев | 100% | 02.12.2022 ж. - 31.12.2022 ж. |
| 5 | Е.А. Наурызбаев | 100% | 02.12.2022 ж. - 31.12.2022 ж. |

## Директорлар кеңесі отырыстарының ұзақтығы

| Р/с № | Отырыстың нөмірі мен күні | Отырыс нысаны | Ұзақтығы |
|---|---|---|---|
| 1 | 11.03.2022 ж. № 70 ДК отырысы | Бетпе-бет | 15 мин. |
| 2 | 17.03.2022 ж. № 71 ДК отырысы | Бетпе-бет | 1 сағ. 40 мин. |
| 3 | 11.04.2022 ж. № 72 ДК отырысы | Бетпе-бет | 25 мин. |
| 4 | 29.04.2022 ж. № 73 ДК отырысы | Бетпе-бет | 1 сағ. 30 мин. |
| 5 | 19.05.2022 ж. № 74 ДК отырысы | Бетпе-бет | 15 мин. |
| 6 | 10.06.2022 ж. № 75 ДК отырысы | Бетпе-бет | 1 сағ. 30 мин. |
| 7 | 15.07.2022 ж. № 76 ДК отырысы | Бетпе-бет | 1 сағ. |
| 8 | 27.08.2022 ж. № 77 ДК отырысы | Бетпе-бет | 30 мин. |
| 9 | 31.08.2022 ж. № 78 ДК отырысы | Бетпе-бет | 15 мин. |
| 10 | 09.09.2022 ж. № 79 ДК отырысы | Бетпе-бет | 4 сағ. |
| 11 | 30.09.2022 ж. № 80 ДК отырысы | Бетпе-бет | 1 сағ. 30 мин. |
| 12 | 11.11.2022 ж. № 81 ДК отырысы | Бетпе-бет | 3 сағ. |
| 13 | 13.12.2022 ж. № 82 ДК отырысы | Сырттай | - |
| 14 | 15.12.2022 ж. № 83 ДК отырысы | Бетпе-бет | 2 сағ. |

**Директорлар кеңесі қараған аса маңызды мәселелер:**

- «Самұрық-Қазына» АҚ Ресей Федерациясына рейстерді орындау кезінде сақтандыру оқиғалары туындаған жағдайда тәуекелдерді өтеу бойынша «QAZAQ AIR» АҚ-ға кепілдік берді;

- «QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру жолымен жалпы сомасы 33 947 258 666 (отыз үш миллиард тоғыз жүз қырық жеті миллион екі жүз елу сегіз мың алты жүз алпыс алты) теңгеге, бір жай акция үшін 230 794 (екі жүз отыз мың жеті жүз тоқсан төрт) теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған акциялар санының шегінде Қоғамның 147 089 (бір жүз қырық жеті мың сексен тоғыз) дана жай акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орналастырылды. Қоғам Басқармасына орналастырылған акцияларды сатудан алынған қаражат есебінен 2017 жылғы 13 наурыздағы №652-и және 2017 жылғы 29 наурыздағы №656-и кредиттік шарттарды мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыру тапсырылды.

- өкілеттік мерзімі 2023 жылғы 9 қыркүйекке дейінгі Қоғам Басқармасының жаңа құрамы сайланды;

- 2019 жылғы 01 шілдеден 2022 жылғы 01 маусымға дейінгі кезеңде «QAZAQ AIR» АҚ қаржы-шаруашылық қызметін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша Түзету іс-қимылдарының жоспары бекітілді;

- Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы саны 325 (үш жүз жиырма бес) штаттық бірлік болып бекітілді.

2022 жылы Директорлар кеңесі ұшу қауіпсіздігі бойынша есептерді, Қоғамның 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарының (даму жоспарының) орындалуы туралы тоқсандық есептерді, тәуекелдер бойынша тоқсандық есептерді, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс қызметінің есептерін, «Жедел желі» бойынша есептерді тұрақты негізде қарады.

**Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарған мәселелер:**

- Қоғамның 2021 жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- Қоғамның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы.

2022 жылы Директорлар кеңесінің және/немесе Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған материалдардың заңнама талаптарына, «QAZAQ AIR» АҚ құрылтай және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келмеуі салдарынан Директорлар кеңесі және/немесе Жалғыз акционер шешім қабылдаудан бас тартқан мәселелер болған жоқ.

**Директорлар кеңесінің комитеттері**

Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 05 тамыздағы шешіміне (№ 25 хаттама) сәйкес Директорлар кеңесі жанынан келесі комитеттер құрылды:

- Стратегиялық жоспарлау комитеті;
- Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті;
- Аудит және тәуекелдер комитеті.

Стратегиялық жоспарлау комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу және Директорлар кеңесіне стратегиялық даму мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында құрылған.

Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және тағайындаулар, қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін белгілеу, қызметті бағалау, сыйақы беру және атқарушы орган басшысының және мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау мәселелері, сондай-ақ сыйақыларын келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Корпоративтік хатшыны және Қоғамның өзге де қызметкерлерін тағайындау және сыйақы беру мәселелері бөлігінде Қоғамның Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында құрылған.

Аудит және тәуекелдер комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және стратегиялық, қаржылық, құқықтық, операциялық, комплаенс тәуекелдерді, тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігіне байланысты тәуекелдерді; сыртқы аудитті; ішкі аудитті; заңнаманы сақтауды қоса алғанда, қаржылық есептілік; тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару мәселелерін тереңдетіп пысықтау үшін құрылған.

2022 жылы Директорлардың шектеулі санына байланысты Директорлар кеңесінің комитеттері жұмыс істемеді.

### Директорлар кеңесін бағалау

Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 31 шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасының, мүшесінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау саясатына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Төрағасының, ДК-нің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшының жұмыс сапасы мен тиімділігін арттыру және оның нәтижесінде Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ДК-нің қосқан үлесін ұлғайту мақсатында 2022 жыл үшін өзін-өзі бағалау жүргізді. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 ақпандағы № 84 отырысында Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы қызметі туралы есебі шеңберінде қаралды.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«QAZAQ AIR» АҚ Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындайды. Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді және олардың келісім-шарттары бойынша өз функцияларының бөлігі ретінде орындайтын міндеттеріне байланысты шығыстары өтеледі.

## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі жұмысының негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Қызмет ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне ұйымдық тұрғыдан бағынатын және функционалдық есеп беретін орган болып табылады.

Қызмет Компанияның тәуекелдерін талдау негізінде әзірленген және Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес Компанияның бизнес-процестеріне ішкі аудитті жүзеге асырады. Қызмет өз жұмысында Қызмет туралы ережені, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын және оларға практикалық нұсқауларды басшылыққа алады.

Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тексеру тобының құрамында Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру, Қоғам қаражатын тиімді жұмсау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру аудиті, сондай-ақ Компанияның коммерциялық блогының жұмысын ұйымдастыруды тексеру жүргізілді.

Орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Компания басшылығына бизнес-процестерді ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің тиімділігіне теріс әсер ететін бұзушылықтарды жою бойынша ұсынымдар берілді.

Қызмет берілген ұсынымдардың орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізді.

# КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

Комплаенс қызметі жұмысының негізгі мақсаты комплаенс бағдарламасын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша саясатты айқындау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асыру, заңнамаға және үздік халықаралық практикаларға сәйкес ашықтық пен сенімділік қағидаттары негізінде ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Аталған құрылымның болуы «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының әртүрлі элементтерін іске асыруға жүйелі тәсілді әзірлеуге ықпал етеді.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және халықаралық стандарттардың ұсынымдарына сәйкес комплаенс жүйесін құру және қалыптастыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді.

Комплаенс қызметін реттеу, әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын реттеу, комплаенс тәуекелдерін, оның ішінде үшінші тараптармен қарым-қатынас орнату кезінде туындайтын тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саласындағы құжаттарды әзірлеу және бекіту мәселелері бойынша іс-шаралар іске асырылды.

Компанияда Жарғыға комплаенс қызметінің жұмыс істеу тәртібі туралы мәселелерді қамтитын өзгерістер мен толықтырулар, Комплаенс қызметі туралы ереже, Мінез-құлық кодексі, Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Бастамашылық ақпараттандыру саясаты, Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, Контрагенттердің сенімділігін тексеру қағидалары бекітілді.

Компания ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды реттейтін негізгі құжаттар Мінез-құлық кодексі және Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты болып табылады. Бұл құжаттарда Компания өз қызметінде кез келген нысандағы және көріністегі сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтінін ашық мәлімдейді және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдесуді өзінің парызы деп санайды.

Мәселен, үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін, мәдениет комплаенсін сақтау және Компания қызметкерлері арасында кез келген бұзушылықтарға нөлдік төзімділікті нығайту мақсатында жаңа редакциядағы Мінез-құлық кодексі бекітілді. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен іскерлік мінез-құлық стандарттарына байланысты жаңа аспектілер пайда болды.

Саясаттармен пайдаланушыларға түсінікті тілдерде танысуға болады. Комплаенс саласындағы негізгі құжаттар Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеуші ортадағы өзгерістерді, сыйлықтар қабылдауды/сыйға тартуды, Компанияда жедел желінің жұмыс істеуін, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жоюға және бұзушылықтар жасауға жол бермеуге бағытталған ұсынымдарды (комплаенс тәуекелдерді басқару шеңберінде) қамтитын ақпараттық жіберілімдерді жүзеге асыру жолымен корпоративтік коммуникацияны күшейтуге баса назар аударылды.

Бизнесті әдепті жүргізудің және сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың жалпы корпоративтік мәдениетін дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің қатысуымен кеңес өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тарапынан мемлекет жүргізіп отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі құралдар ұсынылды, сондай-ақ қызметкерлерді қызықтыратын сұрақтарға жауаптар берілді. Кеңес шеңберінде Комплаенс қызметі Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуі туралы, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасына енгізілген өзгерістер туралы оқыту жүргізді. Практикалық мысалдар келтіре отырып, мүдделер қақтығысы жағдайларын реттеу тәртібі туралы толық түсініктемелер берілді.

Кеңсе бөлмелерінде жедел желі байланыстары бар ақпараттық стендтер орналастырылған. Компанияның сайтында Комплаенс қызметі туралы жекелеген бөлім құрылды, комплаенс саласындағы негізгі құжаттар, сондай-ақ Комплаенс қызметінің басшысымен тікелей байланысу тәсілдері көрсетілді. Осы тәсілдерді қолдану әртүрлі мүдделі тараптардың Компанияның комплаенс жүйесін түсінуіне ықпал етуі мүмкін.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, Комплаенс қызметі өзінің өзектілігі мен қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы комплаенс құжаттары мен рәсімдерін тұрақты негізде жақсартуға ұмтылады.



# 2022 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ

«QAZAQ AIR» АҚ Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының **2015 жылғы 27 мамырдағы № 22/15 шешімімен бекітілген.**

Кодекстің мақсаты Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

2022 жылы жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Қоғамда Кодекстің «Үкімет Қордың акционері ретінде», «Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Ұлттық басқарушы холдинг ретінде Қордың рөлі», «Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қатынастар» бөлімдері бойынша корпоративтік басқару практикасы Кодекстің талаптарына сәйкес келеді.

Кодекстің «Тұрақты даму» бөлімі бойынша Компания тұрақты даму мақсаттарын өзінің стратегиялық бастамаларына енгізуі қажет. Қоғамның ұйымдық құрылымы тұрақты дамуды жүзеге асыруға жауапты белгіленген құрылымдық бөлімшені қамтымаса да, Компания ESG мақсаттарын іске асыру жөніндегі іс-қимылдың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуі қажет. Директорлар кеңесі ESG мәселелерінің жекелеген аспектілері бойынша талқылау жүргізуі қажет. ESG саласындағы көрсеткіштерді бизнестің стратегиялық мәселелерін талқылауға біріктіру қажет.

**Кодекстің «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» бөлімі бойынша одан әрі жетілдіруді талап ететін салалар анықталды:**

- Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінде Компанияның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ көзқарас пен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы тиіс. 2021 жылғы 01 шілдеден бастап Директорлар кеңесінің комитеттері директорлардың шектеулі санына байланысты өз жұмысын тоқтатқанын атап өткен жөн. Бұл ретте 2021 жылы Компанияда корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізген «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС консультанттарының пікірі бойынша Директорлар кеңесі Компания қызметінің ауқымын ескере отырып, Комитеттерсіз жұмыс істей алады.
- Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, тұлғалық сипаттамалары және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет.
- Директорлар кеңесінің құрамында стратегияны айқындауға үлес қоса алатын және Компанияда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесін бақылауды күшейте алатын авиация саласында жұмыс тәжірибесі бар директор болуы керек.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі орта есеппен бір жылдан аз, бұл өкілеттіктердің алты жылдық орташа ұзақтығын көздейтін халықаралық тәжірибелермен салыстырғанда төмен болып саналады.
- Компанияда атқарушы органның сабақтастығын жоспарлау қамтамасыз етілуі тиіс.

**Кодекстің «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» бөлімі бойынша Компания келесі талаптарды орындауы керек:**

- Компанияның өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы құратын ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылатын тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылуы тиіс;

- Стратегиялық жоспарлау процесіне тәуекелдерді басқарудың интеграциясын қамтамасыз ету. Компанияның стратегиялық мақсаттарын анықтау кезінде стратегиялық ПӘК-ті орындамауға әкелетін тәуекелдерді анықтау және бағалау қажет. Тәуекелдер әрбір стратегиялық ПӘК үшін бағалануы тиіс, сондай-ақ тәуекелдердің ПӘК-ке жиынтық әсері, мысалы, сценарийлік талдау және имитациялық модельдеу жүргізу арқылы бағалануы тиіс.

- Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау процестерімен (даму стратегиясы мен жоспарлары, жылдық бюджет) және нәтижелерді бағалаумен (басқару есептілігі) толығымен интеграциялануы керек.

- Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімдерінің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді іске асыруға және Компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейтін атқарушы орган жүргізетін тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделуге тиіс.

- Компанияда қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесіне оқыту практикасы енгізілуі тиіс.

- Ішкі аудит қызметінің басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және Ішкі аудит қызметінің жұмысына ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасын әзірлеуі және қолдауы тиіс.

- Директорлар кеңесі Компанияның сыртқы аудиторымен тұрақты өзара іс-қимылды қамтамасыз етуі қажет.

Кодекстің «Ашықтық» бөлімі бойынша Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы ашып көрсетуі қажет. Директорлар кеңесі жыл сайынғы есеп беру және ұсыну процесіне шолу, ақпаратты ашу және қорғау саласындағы бақылау, сондай-ақ киберқауіпсіздікке қатысты тиісті шараларды жүргізуі қажет.



# КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

**«QAZAQ AIR» АҚ-да** барлық қатысушы тараптардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Компаниядағы мінез-құлық құндылықтарын, негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін Мінез-құлық кодексі қабылданды. Мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетті дамытуға және Компанияның нарыққа ашық және адал қатысушы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған. Кодекстің ережелері **«QAZAQ AIR»** барлық қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына және директорларына тікелей қолданылады.

Кодексте көрсетілген Мінез-құлық стандарттары мен негізгі қағидаттарын Компанияның әрбір қызметкері өзінің күнделікті қызметінде бірінші орынға қояды. Кодекстің ережелеріне қатысты ұсынымдар немесе кеңестер алу үшін тікелей басшыға, Компанияның Комплаенс қызметінің басшысына жүгінуге болады.

Кодекстің қандай да бір ережелерін немесе басқа комплаенс рәсімдерді, ішкі бақылау жүйелерін бұзу туралы жедел желі арқылы хабарлауға болады. Мұндай хабарламалар жасырын негізде қудалаудан қорғау кепілдігімен жасалуы мүмкін. **Жедел желінің байланыс нөмірлері Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған.**

# КАДР САЯСАТЫ

Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар шеңберінде Қоғам өз қызметкерлерінің жағдайын жақсарту бойынша елеулі жұмыс жүргізді.
Бизнестің тиімділігін арттыру үшін «QAZAQ AIR» АҚ-да 2022 жылғы желтоқсанда «Samruk Business Academy» ЖМ сарапшыларының жәрдемдесуімен жүргізілген лауазымдарды саралауды енгізу жобасы іске қосылды.

Жобаның мақсаты компания қызметкерлерінің кіріс деңгейінің ішкі әділдігі мен сыртқы бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізу және лауазымдық жалақылар схемасын өзектендіру болды. Саралау жөніндегі жобаның нәтижелері бойынша қызметкерлердің 70%-дан астамының лауазымдық жалақысы қайта қаралды.

Сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік пакетін жақсарту мақсатында Қоғам Басқармасының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№28-2022 хаттама) «QAZAQ AIR» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің жаңартылған қағидалары бекітілді.

Сондай-ақ авиация персоналының (әуе кемесі командирінің және екінші ұшқыштың) еңбек міндеттерін сапалы орындау және кәсібилігін жоғарылату уәждемесін арттыру, авиация персоналы қызметкерлеріне ұшқан уақыты үшін қосымша ақы төлеу деңгейін өзектендіру мақсатында Басқарманың 2023 жылғы 16 наурыздағы №12-2023 шешімімен Қызметкерлерге ұшқан уақыты үшін ақы төлеу, ұшқан уақытының коэффициентін белгілеу, Қоғамдағы жалпы жұмыс өтілін негізге ала отырып, әуе кемесінің командирлеріне және екінші ұшқыштарға ұшқан уақыты үшін сараланған ақы төлеудің қолданудың жаңа тәртібі бекітілді.

**Қағидаларда Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлерін көрсету көзделеді:**

- қызметкердің, жұбайының/зайыбының, балаларының, қызметкердің ата-анасының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты берілетін демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу;
- өтемақы төлемдері;
- еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы;
- әлеуметтік демалыс;
- медициналық сақтандыру (сырқаттану жағдайынан сақтандыру).

**Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету кезінде Қоғам мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:**

- қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсетудің негізі мен объективті қажеттілігінің болуы;
- ашықтық және тиімділік;
- бюджетте қаражаттың болуы;
- жауаптылық.

# ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

**QAZAQ AIR** қызметкерлері оның басты активі болып табылады және Әуе компаниясы үздік әлемдік тәсілдерге сәйкес келетін персоналды басқару жүйесін құруға ұмтылады. Біз мақтан тұтатын Компанияның барлық жетістіктері тек қызметкерлеріміздің арқасында мүмкін болды.

**Кадрлық менеджмент саласындағы негізгі міндеттер:**

- персоналды жалдаудың конкурстық негізі;
- тең еңбек жағдайлары;
- қызметкерлердің кәсіби, мансаптық және тұлғалық өсуі;
- оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін ұсыну;
- Компания ішінде білімді жинақтау және сақтау;
- еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесін жетілдіру;
- корпоративтік мәдениетті дамыту, қызметкерлердің қатысу деңгейін арттыру;
- персоналмен тиімді диалогты сақтау.

QAZAQ AIR ұлтына, жынысына, тегіне, жасына, біліміне, әлеуметтік мәртебесіне, діни, саяси және өзге де наным-сенімдеріне қарамастан адам әлеуетін барынша іске асыру мақсатында барлық қызметкерлер үшін тең және әділ еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

Персоналды басқару стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады және қызметкерлерді ынталандыруды, жоғары еңбек тиімділігіне қол жеткізуді және компанияның табысты қызметін қамтамасыз етуге арналған.

2022 жылдың соңында QAZAQ AIR штатындағы қызметкерлердің тізімдік саны 304 адамға жетті. Оның ішінде:

- ерлер – 152, әйелдер – 152
- әкімшілік персонал – 70
- өндірістік персонал – 227.
- Қызметкерлердің нақты саны – 277

оның ішінде:

- ерлер – 151, әйелдер – 126
- әкімшілік персонал – 70
- өндірістік персонал – 207.
- 2022 жыл бойынша кадрлардың тұрақтамауы 37% құрайды.

Әуе компаниясында 45 ұшқыш, 45 бортсерік, 14 инженер және 4 механик жұмыс істейді. QAZAQ AIR қауіпсіздік, ыңғайлылық және сервис бойынша жоғары халықаралық стандарттарды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпқойлар командасын кеңейтуді жалғастыруда.





# АВИАЦИЯЛЫҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

QAZAQ AIR әуе компаниясының басым міндеттерінің бірі ұшу құрамы қызметкерлерінің біліктілігін тұрақты арттыру, жаңа мамандарды оқыту болып табылады.

Осы мақсаттар үшін әуе компаниясы жанынан 2022 жылғы мамырда бортсеріктер мен ұшқыштарды оқытуды жүзеге асыратын Авиациялық оқу орталығы құрылды. Есепті кезеңде «DHC8-Q400» ӘК-де кабиналық экипажды бастапқы даярлау» курсы бойынша 23 тыңдаушы және «CRM экипажының жұмысын оңтайландыру курсы бойынша ұшқыштар мен бортсеріктерді бастапқы даярлау» курсы бойынша 5 тыңдаушы оқытылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 28 тыңдаушы оқуды ойдағыдай аяқтап, әуе компаниясында өз міндеттерін орындауға кірісті.

Әуе компаниясы жанынан авиациялық оқу орталығын құру және оның қызметін қолдау компанияның сала субъектісі ретіндегі дамуындағы жаңа қадам болып табылады. АОО нұсқаушы штатты дайындауға мүмкіндік береді, бұл компания қызметкерлерін өзін-өзі дамытуға және кәсіби өсуге ынталандырады. Бұдан басқа, **Авиациялық оқу орталығы компанияның бәсекеге қабілетті нарықта дамуы үшін жақсы коммерциялық стартап болып табылатыны сөзсіз.**

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) QAZAQ AIR корпоративтік басқарудың негізгі элементі болып табылады, бұл Компанияның қызметіне теріс әсер етуі ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтау мен бағалауға және оларды азайту бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.
Компанияның ТБКЖ Компанияның мақсаттарына (анық есептілікті дайындау саласындағы және қолданыстағы заңнаманы және ішкі талаптарды сақтау саласындағы стратегиялық, операциялық мақсаттар) қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған.

**ТБКЖ және ішкі бақылаудың негізгі міндеттері:**

- тәуекел мәдениетін арттыру және тәуекел менеджменті мен ішкі бақылауды Компания қызметінің барлық аспектілеріне интеграциялау;
- қызмет нәтижелерінің құбылмалылығын азайту;
- ұзақ мерзімді перспективада Компанияның активтері мен пайдалылығын арттыру үшін мүмкіндіктерді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін құру Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, Тәуекел-менеджердің және тәуекел иелері – құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі ТБКЖ және жалпы ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істеуі мен дамуына жауапты.

**Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «үш қорғаныс сызығы» моделіне сүйенеді, мұндайда:**

- бірінші сызық (бизнес-функциялар) – Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерін қамтиды;
- екінші сызық (тәуекелдер мониторингі және бақылау функциялары) – Тәуекел менеджер және Комплаенс қызметімен ұсынылады;
- үшінші сызық (тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау тиімділігін тәуелсіз бағалау функциялары) – бұл Компанияның ішкі аудит қызметі.

**Компанияның ТБКЖ және ішкі бақылау қызметі QAZAQ AIR-дың Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатымен реттеледі. Саясатқа сәйкес тәуекелдер келесідей топтастырылады және жіктеледі:**

- стратегиялық;
- операциялық;
- қаржылық;
- құқықтық.

Төменде басшылық анықтаған QAZAQ AIR қызметі үшін маңызды болып табылатын ең өзекті тәуекелдер тізімі берілген. Бұл тізім ешбір жағдайда толық болып табылмайды, өйткені болашақта кез келген күтпеген оқиғалар және/немесе ықтимал факторлар Компанияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

| | Тәуекелді іске асырудың ықтимал салдарының сипаттамасы | Іс-шараның атауы |
|---|---|---|
| Ұшу қауіпсіздігі тәуекелі | Ұшу қауіпсіздігі Компания қызметінің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Ауыр оқиғалардың тиімсіз алдын алу немесе оларға тиімсіз жауап беру Компанияның беделіне, оның қызметіне және қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Тәуекелді жүзеге асыру ықтималдығы минималды болып табылады. | 1. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің барлық элементтерін әзірлеу, қолдау және үнемі жетілдіру.<br>2. Адам факторының тәуекелі туралы операциялық персоналдың хабардарлығын қолдау.<br>3. Адам, ұйымдық, техникалық, сыртқы және өзге де факторлардан туындаған барлық оқиғаларға мониторинг жүргізу және қабылданған шаралардың тиімділігін қадағалау.<br>4. Өндірістік қызметтің халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігін тұрақты және тиімді бақылауды қамтамасыз ету үшін сәйкестік мониторингінің тиімді бағдарламасын қолдау. |
| Авиациялық қауіпсіздік тәуекелі | Авиациялық қауіпсіздікке қатысты елеулі оқиғаның алдын ала алмау немесе оған жауап бермеу Компанияның беделіне, оның қызметіне және қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін. | 1. Қызметкерлерді авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау бағдарламасына сәйкес оқыту.<br>2. Авиациялық қауіпсіздік жай-күйінің сапасын бақылау (ішкі тексерулер, шолулар, сенімділік тексерулері /сынақтар, әуежай аудиттері).<br>3. Деректерді жинау арқылы алынған ақпаратқа негізделген үрдістерді талдау және бағалау. |
| Коммерциялық тәуекел | Жергілікті нарық жоғары бәсекеге қабілетті болып табылады және оның көлеміне байланысты Компанияның дұрыс бәсекеге түсуі қиынға соғады. Нарықтағы қосымша сыйымдылық және/немесе сапарға сұраныстың азаюы Компанияға теріс әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ Компанияның беделіне әртүрлі факторлар әсер ететінін ескерген жөн. Бұл факторларға жауап бере алмау немесе уақтылы жауап бермеу Компанияның операциялық және қаржылық қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. | 1. Экипаждар мен әуе кемелерін барынша кәдеге жаратуды көздейтін кестені оңтайландыру.<br>2. Бағалардың, жаңа жиіліктердің, жаңа бағыттардың мониторингі, бәсекелестердің ұшу уақытының өзгеруі.<br>3. Күнделікті, апта сайынғы, ай сайынғы негізде рейстердің жүктелу көрсеткіштерін қадағалау.<br>4. Балама бағдарларды іздеу.<br>5. Бедел тәуекелдерін төмендету үшін БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жағымсыз пікірлерге уақтылы жауап беру және кері байланыс ұсыну. |
| Кадрлық тәуекел | Адам ресурстарын басқарудың озық әдістерін дамыту Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Білікті персоналды қалыптастыра алмау, дамытпау және ұстап қалмау Компанияның жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін. | 1. Өтімділік деңгейін өлшеу және оның себептерін талдау.<br>2. «Exit» сұхбатының нәтижелері бойынша қызметкерлерді ұстап қалу бойынша іс-шаралар өткізу.<br>3. Персоналды белсенді жалдау. |

# ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

| | Тәуекелді іске асырудың ықтимал салдарының сипаттамасы | Іс-шараның атауы |
|---|---|---|
| Валюталық тәуекел | Айырбас бағамдарының айтарлықтай ауытқуы Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. | 1. Ағымдағы нарықтық бағаммен салыстырғанда сатып алынған резервтердің нақты бағамын ескере отырып төлемдерді жүзеге асыру. |
| Кредиттік тәуекел | Контрагент-банктердің міндеттемелерді орындамауы салдарынан ақшалай және өзге де шығындар. | Контрагент-банктерге белгіленген лимиттерді және Компания мен Акционердің ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген талаптарды сақтау. |
| Өтімділік тәуекелі | Қаржылық міндеттемелерді орындай алмау немесе бизнесті қаржыландырудың мүмкінсіздігі. | «Өтімділік жастығын» сақтау және барлық ағындарды бақылау арқылы өтімділіктің тұрақты мониторингі. |
| Салық тәуекелі | Салық заңнамасының құқықтық нормаларын және нормативтік-құқықтық актілерді олардың тұжырымдарының екіұштылығына (заңнаманың жетілмегендігіне) байланысты дұрыс түсіндірмеу нәтижесінде болуы мүмкін қаржылық шығындар тәуекелі. | 1. Салық заңнамасындағы өзгерістердің тұрақты мониторингін жүзеге асыру.<br>2. Салық қызметінің жоғары тұрған органдарында салықтық тексерулер актілеріне шағымдану. |

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

| | | |
|---|---|---|
| Кибер-тәуекел және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі | Компанияның компьютерлеріне, ақпаратқа, АТ желісіне, инфрақұрылымға, АТ қолдайтын коммерциялық және өндірістік операцияларға сыртқы немесе ішкі қауіптерден туындайтын шығын тәуекелі. | 1. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы үздік әлемдік қағидаттарға сәйкесетін процестерді енгізу.<br>2. Қызметкерлерді Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саясатымен таныстыру. |
| Отын тәуекелі | Компания мұнай өңдеу зауыттарында авиациялық керосиннің болмауы/тапшылығы тәуекеліне ұшырайды, бұл Компанияны керосинді әуежайлардан немесе үшінші тараптардан айтарлықтай жоғары бағамен сатып алуға мәжбүрлейді. | 1. Авиациялық отын теңгерімдерін апта сайын салыстырып тексеру.<br>2. Авиаотынды тек қана ресурс ұстаушыдан сатып алуды қамтамасыз ету. |
| Өндірістік қауіпсіздік тәуекелі | Қызметкерлердің ықтимал аурулары немесе жарақаттары Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін. | 1. Өндірістік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті рәсімдерді жүзеге асыру, оның ішінде экипаж мүшелеріне заңнаманың талаптарына сәйкес тынығу уақытын беру.<br>2. Ұшқыштарды, бортсеріктерді және қызмет көрсетуші персоналды тұрақты негізде маскалармен және қолғаптармен қамтамасыз ету. |

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

| | Тәуекелді іске асырудың ықтимал салдарының сипаттамасы | Іс-шараның атауы |
|---|---|---|
| Комплаенс тәуекелі | Компанияның қызметін жергілікті және халықаралық органдар қатаң реттейді. Заң мен стандарттардың кез келген бұзушылығы Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін. | 1. Тренингтер өткізу және өзге де құралдарды қолдану арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.<br>2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу. |
| Сот-құқықтық тәуекел | Сот шешімін Компанияның пайдасына шығармау (әуе компаниясы үшін шығынға әкеп соғатын іс-әрекеттерді орындау, белгілі бір сомаларды төлеу). | 1. Шарттарда қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.<br>2. Кінәрат-қуыным жұмысын жүргізу туралы ережені әзірлеу.<br>3. Халықаралық мәмілелер мен даулар жөніндегі құқықтық сүйемелдеу департаменті қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.<br>4. Азаматтық-құқықтық дауларды, олардың нәтижелерін талдау және іс-әрекеттерді тиісінше түзету. |

**Айқындалған тәуекелдер маңыздылығына қатысты тәуекелдер картасында келесідей көрсетіледі:**

- Қызыл аймақ – Компания үшін сыни тәуекелдер;
- Қызғылт сары аймақ – Компания үшін жоғары тәуекелдер;
- Сары аймақ – Компания үшін орташа тәуекелдер.

**Байланыс деректері**
Телефон: +7 727 356 1414
Электрондық пошта: info@flyqazaq.com

**Сыртқы аудитор**

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешіміне сәйкес «Grant Thornton» ЖШС Компанияның 2021-2023 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленді.

**«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жедел желісі**

- Тәуелсіз компания басқаратын Бастамашылық ақпараттандыру желісі (Жедел желі) жұмыс істейді, бұл процестің ашықтығын және деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бере отырып, осы құралға деген сенім деңгейін арттырады және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкеседі. Жедел желінің байланыс ақпараты интернеттегі корпоративтік сайтта орналастырылған.
- Жедел желі шеңберінде парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа, бухгалтерлік есеп саласындағы бұзушылықтарға, қорғалатын ақпаратты ашуға, персоналды жалдау мен еңбек жағдайларының тең болмауына, әдептен тыс мінез-құлыққа қатысты, сондай-ақ денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға келтірілетін қауіп-қатерлер бойынша өтініштер қаралады.

**Өтініштерді барлық адамдар орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде келесі байланыс арналары арқылы бере алады:**
телефон: 8 800 080 4747
электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz
интернет-порталы: http://sk-hotline.kz /
келесі телефон нөмірі бойынша
WhatsApp Мессенджері арқылы: +7 771 191 8816

**«QAZAQ AIR» АҚ**

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

**«QAZAQ AIR» АҚ**

**МАЗМҰНЫ**

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК


| | |
|---|---|
| Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп | 1 |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 2 |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 3 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп | 4 |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер | 5-37 |

**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ**

«QAZAQ AIR» АҚ [illegible]

[illegible]

- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]

Сондай-ақ басшылық:

- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]

[illegible]

**Басқарма төрағасы** **[illegible]**

**Қаржы директоры** **[illegible]**

**Бас бухгалтер** **[illegible]**

2023 жылғы 27 наурыз,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

[illegible]

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

«QAZAQ AIR» АҚ акционерлері мен басшылығына

**Пікір**

[illegible]

[illegible]

**Пікір білдіруге негіздеме**

[illegible]

**Қызметтің үздіксіздігіне қатысты елеулі белгісіздік**

[illegible]

[illegible]

### Қаржылық есептілік үшін басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

[illegible]

[illegible]

[illegible]

### Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

[illegible]

[illegible]

- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- «QAZAQ AIR» АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігін, оның құрылымы мен мазмұнын [illegible]

### Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «QAZAQ AIR» АҚ-ға корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға [illegible]

| | |
|---|---|
| Ғалымжан Жұмадилданов | Ерлан Досымбеков |
| Тапсырма бойынша серіктес | «Grant Thornton» ЖШС<br>бас директоры |
| Қазақстан Республикасының<br>білікті аудиторы<br>2003 жылғы 28 желтоқсандағы<br>№МФ-0000053 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасы Қаржы<br>министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит<br>комитеті 2010 жылғы 3 [illegible] берген<br>Қазақстан Республикасының аумағында<br>аудиторлық қызметпен айналысуға<br>№[illegible] мемлекеттік лицензия |

2025 жылғы 27 наурыз,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

© 2025 Grant Thornton. Барлық құқықтар қорғалған.
«Grant Thornton ЖШС» Grant Thornton International [illegible]
Grant Thornton International [illegible]
Grant Thornton International [illegible]

**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

[illegible]

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Басқарма төрағасы** | | **Наурызбаев Ержан [illegible]** | |
| **Қаржы директоры** | | **[illegible]** | |
| **Бас бухгалтер** | | **[illegible]** | |

2023 жылғы 27 [illegible],
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

[illegible]

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Басқарма төрағасы** | | **Наурызбаев Ержан [illegible]** | |
| **Қаржы директоры** | | **[illegible]** | |
| **Бас бухгалтер** | | **[illegible]** | |

2023 жылғы 27 [illegible],
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

[illegible]

**[illegible]**

| [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
|---|---|---|---|
| **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | | | |
| [illegible] | - | [illegible] | [illegible] |
| | | - | - |
| **[illegible]** | - | | |
| [illegible] | | [illegible] | [illegible] |
| **[illegible]** | | | |
| [illegible] | | | |
| [illegible] | - | [illegible] | [illegible] |
| **[illegible]** | - | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | | | |
| [illegible] | - | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | [illegible] | - | [illegible] |
| **[illegible]** | - | - | - |
| [illegible] | **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | | | |
| [illegible] | - | [illegible] | [illegible] |
| **[illegible]** | - | **[illegible]** | **[illegible]** |
| **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** | **[illegible]** |

[illegible]

Басқарма төрағасы — Наурызбаев Ерсин Ахметович

Қаржы директоры — Утепкалиев Адилбек

Бас бухгалтер — Кисенова Гульмира Кайбековна

2023 жылғы 27 наурыз,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.



## АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

[illegible]

[illegible]

Басқарма төрағасы — Наурызбаев Ерсин Ахметович

Қаржы директоры — Утепкалиев Адилбек

Бас бухгалтер — Кисенова Гульмира Кайбековна

2023 жылғы 27 наурыз,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») 2015 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №117 шешімі негізінде құрылды.

Компанияның жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқаруының [illegible] болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл - ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания») болып табылады. Компанияның негізгі қызметі [illegible] [illegible] және халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыру болып табылады. Компания Астана қаласында орналасқан және ішкі және халықаралық бағыттарды, сондай-ақ мемлекет субсидиялайтын әлеуметтік-маңызды бағыттарды қамтитын [illegible] бағдарлы негізгі қызмет көрсетеді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания De Havilland Dash 8 Q400 NextGen үлгісіндегі [illegible] әуе кемесін пайдаланады. Компанияның флоты әуе кемелерінің қазақстандық тізілімінде тіркелген. Компанияның [illegible] техникалық қызмет көрсету станциясы және сертификатталған [illegible] бар. Компания IATA халықаралық әуе көлігі қауымдастығының [illegible] мүшесі болып табылады және IOSA халықаралық [illegible] стандарты бойынша сертификатталған.

Компания келесі мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, [illegible] ауданы, [illegible] көшесі, 20.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

**Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсініктемелер мен түзетулер**

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есеп саясатының қағидаттары 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Компания есепті жыл ішінде 2022 жылғы 1 қаңтардан күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 3 – «Тұжырымдаманың негіздерге сілтемелер»;
- ХҚЕС-ка (IAS) түзетулер 16 - «Негізгі құралдар: мақсатына сай пайдалануға дейінгі түсімдер»;
- ХҚЕС-ка (IAS) түзетулер 37 - «Ауыртпалықты шарттар - шартты орындауға арналған шығындар»;
- ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» - қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде комиссиялық сыйақы;
- ХҚЕС-ка түзету (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» - әділ құнды бағалау кезінде салық салу.

ХҚЕС-ка (IAS) түзетулер 16 - «Негізгі құралдар: мақсатына сай пайдалануға дейінгі түсімдер»

2021 жылғы мамырда ХҚЕС кеңесі негізгі құралдар объектісінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін қажетті күйге келтіру процесінде өндірілген бұйымдарды сатудан түсетін кез келген түсімдерді шегеруге тыйым салатын «Негізгі құралдар: мақсатына сай пайдалануға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды. Оның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды пайда немесе залал құрамында өндіру құнын таниды.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер [illegible] (жалғасы)**

*ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 16 - «Негізгі құралдар: [illegible]» (жалғасы)*

Бұл түзетулер 2022 жылғы [illegible]

*ХҚЕС-ке түзетулер (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» - [illegible] 10% [illegible]*

2018-2020 жылдар кезеңінде ХҚЕС-ті [illegible] ХҚЕС кеңесі [illegible] 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ке (IFRS) түзету [illegible]

Бұл түзету 2022 жылғы 1 қаңтарда [illegible] Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

Басқалары 3 ХҚЕС-ке (IFRS), 37 ХҚЕС-ке (IAS), 1 ХҚЕС-ке (IFRS) және 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер Компанияға қолданылмайды деп санайды.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған күні әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер берілген. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, [illegible] күшіне енген кезден бастап қолдануға ниетті:

- 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер;
- 1 - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 8 - «Бухгалтерлік бағалаудың анықтамасы» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және - «[illegible]» ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер;
- 12 - «Бір операциядан [illegible] активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.

*1 - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*



2021 жылғы қаңтарда ХҚЕС кеңесі 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды, онда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріледі. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы нені білдіреді;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы тиіс;
- міндеттемелерді жіктеуге [illegible] міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын [illegible] әсер етпейді;
- егер айырбасталатын міндеттемедегі [illegible] болса, міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді.

**2 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*1 - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу» ХБЕС-ке (IAS) түзетулер (жалғасы)*

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктелуіне ықтимал әсерін талдайды.

*8 - «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» ХБЕС-ке (IAS) түзетулер*

2021 жылғы ақпанда ХҚЕС кеңесі 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер шығарды, онда «бухгалтерлік бағалау» анықтамасы енгізілді. Түзетулерде бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды әзірлеу үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатыны түсіндіріледі.

Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді және көрсетілген кезеңнің басталу күнінде немесе одан кейін орын алатын есеп саясатындағы өзгерістерге және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Егер факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Компанияға айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

*1 ХБЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер*

2021 жылғы ақпанда ХҚЕС кеңесі 1 ХБЕС-ке (IAS) және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер шығарды, онда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдар қамтылған. Түзетулер ұйымдарға есеп саясатының «маңызды ережелерін» ұйымдардың есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабына ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдауда маңыздылық ұғымын қалай қолдануға қатысты нұсқаулық қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек.

1 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады. ХҚЕС қолдану бойынша №2 практикалық ұсынымдарға түзетулер есеп саясаты туралы ақпаратқа маңыздылық анықтамасын қолдануға қатысты міндетті емес нұсқаулықты қамтитындықтан, осы түзетулердің күшіне ену күнін көрсету талап етілмейді.

*12 - «Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық» ХБЕС-ке (IAS) түзетулер*

2021 жылғы мамырда Басқарма 12 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер шығарылды. 12 ХБЕС-ке (IAS) сәйкес бастапқы танудан алып тастауды қолдану аясын тарылтады, соның нәтижесінде ол тең салық салынатын және шегерілетін уақытша айырмашылықтар тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды.

Түзетулер ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басында немесе осы күннен кейін болатын операцияларға қолданылуы керек. Сонымен қатар, ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басында кейінге қалдырылған салық активі (салық салынатын пайда жеткілікті болған жағдайда) және кейінге қалдырылған салық міндеттемесі жалдау және пайдаланудан шығару міндеттемелерімен байланысты барлық шегерілетін және салық



салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты танылуы керек. Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің ықтимал әсерін талдауда.

Басшылық 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) Компанияға қолданылмайды деп санайды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**ХҚЕС-ке сәйкестік туралы мәлімдеме**

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

**Қызметтің үздіксіздігі туралы болжам**

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындалды, бұл активтерді сатуды және әдеттегі шаруашылық қызмет барысында міндеттемелерді орындауды көздейді.

2022 жылы Компанияның кіріс көлемі 60%-ға қысқарып, оның жалпы 12,711,160 мың [illegible] 20,413,161 мың теңгені құрады. [illegible] Компанияның [illegible] факторлары болып табылады.

Нәтижесінде, 2022 жылы Компания операциялық қызметтен 4,712,579 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 718,652 мың теңге) [illegible]. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның [illegible] 5,231,857 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3,674,715 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания 6,598,777 мың теңге (2021 жыл: 6,461,796 мың теңге) [illegible], ал Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы міндеттемелерінің жалпы сомасы оның активтерінің жалпы сомасынан 2,216,111 мың теңгеге артық (2021 жылғы 31 желтоқсан: 10,992,634 мың теңге). 2022 жылы [illegible] 4,857,486 мың теңге (2021 жыл: 4,456,432 мың теңге) [illegible]. Барлық міндеттемелердің 95% [illegible] Компания міндеттемелерінің негізгі [illegible].

Жоғарыда сипатталған [illegible] Компания қызметі үздіксіздігінің [illegible]. [illegible] үшін [illegible] 2022 жылы [illegible] 31,947,239 мың теңгеге [illegible].

Компания басшылығының [illegible]. Компанияның осы қаржылық есептілігі [illegible]. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы қаржылық есептілік Компания қызметінің үздіксіздігі туралы болжамымен жасалды.

**Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы**

Қазақстан Республикасының ресми валютасы теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады және осы валюта Компанияның функционалдық валютасы, сондай-ақ осы қаржылық есептілікте көрсетілген валюта болып табылады. [illegible].



**Бағалау базасы**

Бұл қаржылық ақпарат әрбір есепті кезең [illegible] бойынша бағаланатын [illegible] қоспағанда, тарихи құн негізінде дайындалды.

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелерін Компания осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті түрде қолданды.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ) [illegible]**

[illegible]

**Қаржылық кірістер мен шығыстар**

[illegible]

**Шетел валютасы**

[illegible]

[illegible]

[illegible]

**Қызметкерлерге сыйақы төлеу**

[illegible]

**[illegible]**

[illegible]



**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Корпоративтік табыс салығы**

[illegible]

*Ағымдағы салық*

[illegible]

*Кейінге қалдырылған салық*

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

**Қорлар**

[illegible]

[illegible]

**Негізгі құралдар**

***Тану және бағалау***

[illegible]

[illegible]

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Негізгі құралдар (жалғасы)**

*Тану және бағалау (жалғасы)*

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

*Кейінгі шығындар*

[illegible]

*Тозу*

[illegible]

[illegible]



Негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің күтілетін мерзімдері келесідей болды:

| Негізгі құралдар тобы | Пайдалы қызмет ету мерзімі |
|---|---|
| Өңу кешендері ([illegible]) | 25 жыл |
| Машиналар мен жабдықтар | 4 - 25 жыл |
| Көлік құралдары | 5 - 10 жыл |
| Компьютерлер мен кеңсе жабдықтары | 4 - 7 жыл |

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ) Негізгі құралдар (жалғасы)

**Тозу (жалғасы)**

[illegible]

**Материалдық емес активтер**

[illegible]

***Кейінгі шығындар***

[illegible]

***Амортизация***

[illegible]

| Материалдық емес активтер тобы | Пайдалы қызмет ету мерзімі |
|---|---|
| Бағдарламалық жасақтама | 3 - 10 жыл |

[illegible]

**[illegible]**

[illegible]



## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қаржы құралдары**

**Алдын ала төлем**

[illegible]

***Тану және бастапқы бағалау***

[illegible]

***Жіктеу және кейінгі бағалау***

**Қаржылық активтер**

[illegible]

- [illegible]
- [illegible]

**Қаржылық активтер - бизнес-модельді бағалау**

[illegible]

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қаржы құралдары (жалғасы)**

**Қаржылық активтер - бизнес-модельді бағалау (жалғасы)**

- Осы портфель үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттардың іс жүзінде қолданылуы. [illegible]
- Портфельдің тиімділігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығының назарына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің тиімділігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржылық активтер) және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлердің сыйақысы қалай жүзеге асырылады [illegible].
- Өткен кезеңдердегі қаржылық активтерді сату жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатудың себептері, сондай-ақ болашақ сату деңгейіне қатысты күтулер.

Қаржылық активтерді тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмейтін мәмілелердегі үшінші тұлғаларға беру осы мақсат үшін сату ретінде қарастырылмайды және Компания осы активтерді тануды жалғастыруда.

**Қаржылық активтер - шартта көзделген ақшалай қаражат ағындары тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау**

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» қаржылық актив бастапқы танылған кездегі оның әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақыттық құны үшін, белгілі бір уақыт аралығында өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және [illegible], сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

Шартта көзделген ақша ағындары тек қана негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың төлемдері болып табылатынын бағалау кезінде («SPPI критерийі»), Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. [illegible]

Бағалау кезінде Компания:

- шартта ақшалай қаражат ағындарының мерзімін немесе сомасын [illegible] шарттық оқиғаларды;
- [illegible];
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы жағдайларды; және
- Компанияның талаптарын шектейтін [illegible] жағдайларды талдайды.

Мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленетін сома негізгі қарыздың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайыздарды білдірсе және шартты мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін ақылға қонымды қосымша

өтемақыны қамтуы мүмкін болса, SPPI критерийіне сәйкес келеді. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржылық актив шартта көрсетілген номиналды сомаға [illegible], мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленетін сома, жеке бойынша шартта көрсетілген номиналды соманы және шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіретін жағдайда, осы критерийге сәйкес ретінде қаралады [illegible] мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін), сондай-ақ қаржылық актив бастапқы танылған кезде мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптың әділ құны елеусіз болып табылады.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ) Қаржы құралдары (жалғасы)**

***Қаржылық активтер – кейін [illegible] бағалау***

**Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер**

[illegible]

***Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату***

**Қаржылық активтер**

[illegible]

[illegible]

[illegible]

- қаржылық активтің валютасының өзгеруі;
- [illegible]
- SPPI критерийіне [illegible]

[illegible]

**Қаржылық міндеттемелер**

[illegible]



[illegible]

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

***[illegible]***

**Қаржылық активтер (жалғасы)**

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]

[illegible]

***[illegible]***

**Қаржылық активтер**

[illegible]



[illegible]

[illegible]

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

*[illegible] (жалғасы)*

**[illegible]**

[illegible]

[illegible]

***[illegible]***

[illegible]

***[illegible]***

*[illegible]*

[illegible]

**[illegible]**

***[illegible]***

*[illegible]*

[illegible]

[illegible]

- [illegible]

[illegible]

[illegible]



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ) [illegible] ([illegible])

*[illegible] (жалғасы)*

[illegible] 30 [illegible]

*[illegible]*

[illegible]

- [illegible]
- [illegible] 90 [illegible]

[illegible]

12 айлық [illegible] 12 [illegible] 12 [illegible]

[illegible]

*[illegible]*

[illegible]

[illegible]

*[illegible]*

[illegible]

[illegible]

- [illegible]
- [illegible] 90 [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]

**[illegible]**

[illegible]

3. [illegible]

**[illegible]**

*[illegible]*

[illegible]

***[illegible]***

[illegible]

[illegible] (АКТБ) [illegible]

[illegible]

[illegible] (АКТБ) [illegible]

**Жалдау**

[illegible]

[illegible] 2019 [illegible] 1 [illegible]



*[illegible]*

[illegible]

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

**Жалдау (жалғасы)**

***Компания жалға алушы ретінде (жалғасы)***

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]
- [illegible]

[illegible]



[illegible]

[illegible]

## 4. [illegible] ПАЙЫМДАУЛАРДЫ, ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН БОЛЖАМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау есеп саясатының принциптері қалай қолданылатынына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар қандай сомада көрсетілетініне әсер ететін кәсіби пайымдауларға, болжамдарға және есептік бағалауларды басшылықтың қолдануын талап етеді. [illegible] осы бағалаулардан [illegible].

Болжамдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі [illegible]. Есептік бағалауларына өзгерістер осы бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және [illegible] көрсетіледі.

**Кейінге қалдырылған салық активінің өтелуі**

Танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын айқындау үшін болашақ салық салынатын пайданың ықтимал мерзімдері мен деңгейіне, сондай-ақ болашақ салықтық жоспарлау стратегияларына негізделген басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет. [illegible] 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5 [illegible]. [illegible] қаржылық есептілікке көрсетілген көрсеткіштер 2-ескертпеге [illegible].

**Әділ құнын бағалау**

Компанияның есеп саясатының белгілі бір ережелері мен бірқатар ашып көрсетулер қаржылық және қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Компания мүмкіндігінше бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. Әділ құнды бағалау тиісті бағалау әдістерінде пайдаланылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатады:

- 1-деңгей: белсенді нарықтардағы бірдей активтер мен міндеттемелерге баға белгіленетін (түзетілмеген) бағалар.
- 2-деңгей: тікелей (яғни бағалар сияқты) немесе жанама (яғни бағалар негізінде анықталған) бақыланатын 1-деңгей бағалары үшін қолданылатын баға белгіленімдерінен басқа бастапқы деректер.
- 3-деңгей: бақыланатын нарық деректеріне негізделмеген активтер мен міндеттемелерге арналған бастапқы деректер (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Егер активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылатын бастапқы деректер әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, онда әділ құнды бағалау [illegible] үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректерге сәйкес есептік иерархия деңгейіне жатады.

Компания осы есепті кезеңнің соңында әділ құн иерархиясының деңгейлері арасындағы ауыстыруларды таниды.



**Негізгі құралдарды қайта бағалау**

Компания [illegible] қайта бағаланған құны бойынша есепке алады. Қайта бағаланған [illegible]. 13 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес активтердің бір класын білдіреді. [illegible] әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жатады (бақыланбайтын бастапқы деректер).

## 4. МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАРДЫ, ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН БОЛЖАМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒАСЫ)

**Негізгі құралдарды қайта бағалау (жалғасы)**

2022 және 2021 жылдары Компания ұшақ қозғалтқыштарының нарықтық құнын тәуелсіз бағалау үшін ... және ... салыстырмалы талдау әдістерінің деректерін пайдаланды. 2022 ж. бағалау нәтижесінде Компания активтерді қайта бағалаудан 1,730,455 мың теңге мөлшерінде ... (9-ескертпе).

## 5. ТҮСІМ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **Жолаушылар тасымалынан түсетін түсім** | | |
| Тұрақты жолаушылар тасымалы | 20,119,830 | 12,569,245 |
| оның ішінде: | | |
| - *өтеме үшін алынатын* | *7,736,348* | *1,024,087* |
| - *ауылдық алымдары* | *7,005,228* | *377,863* |
| - *... өтеу бағасы* | *707,584* | *123,679* |
| Чартерлік рейстер | 171,031 | 283,820 |
| **Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдердің жиыны** | **20,290,861** | **12,692,885** |
| **Өзге кірістер** | | |
| Өзге кірістер | 124,300 | 101,075 |
| | **124,300** | **101,075** |
| | **20,415,161** | **12,793,960** |

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ішкі бағыттар бойынша жолаушылар тасымалынан түсетін түсім жолаушылар тасымалынан түсетін жалпы түсімнің 82% құрады (2021 жылы: 94%).

2022 және 2021 жылдары Компанияның жалпы кірістің 10%-нан асатын мөлшерде бір клиентпен жасалған операциялардан түсетін кірісі болған жоқ.



## 6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

**(а) Персоналға арналған шығыстар**

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Операциялық персоналдың жалақысы | 2,941,231 | 2,291,082 |
| Әкімшілік персоналдың жалақысы | 651,828 | 498,004 |
| Сату бөлімі персоналының жалақысы | 68,493 | 66,096 |
| Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар | 364,404 | 258,716 |
| | **4,025,956** | **3,113,898** |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компаниядағы қызметкерлер саны 309 адамды құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 276 адам).

**(б) Жердегі техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстар, рәсімдеу үшін алымдар және басқарылған алымдар**

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Отырғызу үшін алымдар | 504,548 | 479,778 |
| Жердегі техникалық қызмет көрсету | 815,571 | 409,639 |
| Аэронавигация | 715,892 | 308,767 |
| Күзет | 361,868 | 215,882 |
| Мұз басуға қарсы сұйықтықтар | 70,504 | 94,712 |
| | **2,467,383** | **1,508,778** |

## 6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР (ЖАЛҒАСЫ)

### (ж) Инженерлік-техникалық қызмет көрсету

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Қосалқы бөлшектер және техникалық қызмет көрсету | 1,353,584 | 1,588,217 |
| Тұрақты техникалық қызмет көрсету | 247,810 | 169,589 |
| Өзгелер | 90,647 | 139,582 |
| | **1,692,041** | **1,897,388** |

Тұрақты техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстар әуе кемелерін тұрақты техникалық және ағымдағы жөндеуді жүргізу бойынша шығыстарды білдіреді.

### (з) Жолаушыларға қызмет көрсету

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Әуежай алымдары | 1,380,286 | 880,126 |
| Тамақтану | 157,756 | 149,292 |
| Өзгелер | 51,584 | 58,281 |
| | **1,589,626** | **1,087,699** |

### (и) Сату бойынша шығыстар

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Авиабилеттерді сату агенттіктеріне төленетін комиссиялық сыйақылар | 366,128 | 52,427 |
| Кредиттік карталарға қызмет көрсету үшін төленетін комиссия | 32,817 | 2,117 |
| Өзгелер | 4,308 | 2,788 |
| | **403,253** | **57,332** |

2022 жылы Компания 345 қалыптасқан рейсті орындады (2021 жыл: 119), бұл авиабилеттерді сату агенттіктеріне төленетін комиссиялық сыйақыларға арналған шығындардың өсуіне әкелді.

## 7. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Банктік депозиттер бойынша пайыздық кіріс | 344,976 | 84,849 |
| | **344,976** | **84,849** |
| **Қаржылық шығыстар** | | |
| Бас компаниядан алынған қарыз бойынша дисконттың амортизациясы және пайыздық шығыстар (15-ескертпе) | 5,417,718 | 4,994,358 |
| Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар | 95 | 562 |
| | **5,417,813** | **4,994,920** |



## 8. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Компания үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі 20% құрайды және қазақстандық компаниялар үшін табыс салығының мөлшерлемесін білдіреді.

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс | 49,741 | 12,872 |
| Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған шығыстар/(үнемдеу) | 4,645,490 | (1,312,918) |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар/(үнемдеу)** | **4,695,231** | **(1,300,046)** |

## 8. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (ЖАЛҒАСЫ)

Тиімді салық мөлшерлемесін салыстыру:

| | 2022 жыл мың теңгемен | %-бен | 2021 жыл мың теңгемен | %-бен |
|---|---|---|---|---|
| Салық салуға дейінгі залал | (1,905,532) | 100 | (7,761,834) | 100 |
| Компания үшін қолданылатын белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелген табыс салығы | (380,706) | 20.0 | (1,552,367) | 20.0 |
| Шегерілмейтін шығыстардың салықтық әсері | 508,920 | (23.8) | 180,603 | (0.9) |
| Танылмаған салық активтері | 4,487,017 | (235.7) | 71,926 | (0.4) |
| | **4,695,258** | | **(1,300,838)** | |

«[illegible]» АҚ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

**Жыл бойынша уақытша айырмашылықтардың өзгеруі:**

| мың теңгемен | 2022 жылғы 1 қаңтар | Пайда немесе залал құрамында танылған | Меншікті капитал құрамында танылған | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық залалдары | 8,549,461 | (291,186) | - | 8,258,275 |
| Сауда және өзге кредиторлық берешек | 16,145 | 65,398 | - | 81,543 |
| Төленуге жататын өзге салықтар | 6,418 | (374) | - | 6,044 |
| Материалдық емес активтер | 1,408 | (94) | - | 1,314 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 477 | (477) | - | 0 |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | **8,573,909** | **(226,733)** | **-** | **8,347,176** |
| Бас компаниядан алынған қарыз | (6,673,572) | 971,481 | 4,645,490 | (1,056,601) |
| Негізгі құралдар | (1,676,585) | (903,633) | - | (2,580,218) |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | (412) | 412 | - | - |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | **(8,350,569)** | **68,260** | **4,645,490** | **(3,636,819)** |
| **Кейінге қалдырылған салық активі/(міндеттемесі)** | **223,340** | **(158,473)** | **4,645,490** | **4,710,357** |
| Танылмаған салық активі | (223,340) | (4,487,017) | - | (4,710,357) |
| **Кейінге қалдырылған салық активі, нетто** | **-** | **(4,645,490)** | **4,645,490** | **-** |

«ҚАЗАҚ-[illegible]» АҚ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

| мың теңгемен | 2021 жылғы 1 қаңтар | Пайда немесе залал құрамында танылған | Меншікті капитал құрамында танылған | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдары | 7,338,279 | 991,182 | - | 8,3[illegible] |
| Сауда және өзге дебиторлық берешек | 23,723 | (7,578) | - | 16,145 |
| Төленуге жататын өзге салықтар | 6,282 | 156 | - | 6,438 |
| Материалдық емес активтер | 1,744 | (556) | - | 1,188 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 1,237 | (760) | - | 477 |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | **(7,459,831)** | **982,444** | - | **8,[illegible]** |
| Бас компаниядан алынған қарыз | (6,251,948) | 891,386 | (1,312,910) | (6,673,472) |
| Негізгі құралдар | (1,186,766) | (489,819) | - | (1,676,585) |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | (1,117) | 705 | - | (412) |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | **(7,459,831)** | **402,272** | **(1,312,910)** | **(8,350,469)** |
| **Кейінге қалдырылған салық активі/(міндеттемесі)** | **151,414** | **1,384,836** | **(1,312,910)** | **223,340** |
| Танылмаған салық активі | (151,414) | (71,926) | - | (223,340) |
| **Кейінге қалдырылған салық активінің жиынтығы** | - | **1,312,910** | **(1,312,910)** | - |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 40,291,176 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 41,650,689 мың теңге) [illegible] 497,618 мың теңге [illegible] 2029 жылы аяқталады.

[illegible]

**9. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)**

Әуе кемелерінің баланстық құны, егер олар жинақталған тозуды шегергендегі бастапқы құны бойынша есепке алынса, келесідей ұсынылады:

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Бастапқы құны | 41,303,175 | 38,176,487 |
| Жинақталған тозу | (11,215,089) | (8,836,401) |
| Құнсыздану бойынша жинақталған бағалау | (4,534,719) | (6,255,174) |
| **Қалдық құны** | **25,553,367** | **23,084,912** |

2022 жылы «Тәуелсіз сараптамалық бағалау» ЖШС тәуелсіз бағалау компаниясы DHC-8-400 үлгісіндегі бес әуе кемесінің өтеп алынатын құнын бағалау жүргізді. Тәуелсіз бағалаушының есебіне сәйкес Компания 2022 жылы пайда немесе залал туралы есепте әуе кемелерінің өтеп алынатын 1,720,455 мың теңге сомасында құнсызданудан залалды қалпына келтіруді таныды (2021 жыл: 444,593 мың теңге залал). 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы активтерді қайта бағалаудан болған жинақталған құнсыздану сомасы 4,534,719 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 6,255,174 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны 25,553,367 мың теңгені құрайтын Компанияның барлық әуе кемелері банк кредиттерін алу кезінде қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 23,084,912 мың теңге).

**10. АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ ШЫҒЫНДАРЫ**

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| *Ұзақ мерзімді* | | |
| Қызметкерлерді оқыту бойынша болашақ кезеңдердің шығыстары | – | 276,453 |
| | **–** | **276,453** |
| *Қысқа мерзімді* | | |
| Болашақ кезеңдердің шығыстары | 291,070 | 191,363 |
| Тауарлар үшін алдын ала төлем | 500,646 | 464,234 |
| Көрсетілетін қызметтер үшін алдын ала төлем | 362,392 | 99,171 |
| Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем | 15,513 | 17,736 |
| | **1,170,361** | **772,504** |

## 11. ҚОРЛАР

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қосалқы бөлшектер | 1,248,487 | 751,582 |
| Авиациялық отын | 441,044 | 250,823 |
| Униформа | 36,312 | 35,568 |
| Өзге материалдар | 130,737 | 77,886 |
| Қорлардың ескіруіне және баяу айналатын қорларға арналған шегеру | 1,856,500 | 1,115,695 |
| | (24,066) | (59,669) |
| | 1,812,434 | 1,064,224 |

«QAZAQ AIR» АҚ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

## 12. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | 229,816 | 51,808 |
| Қызметкерлердің дебиторлық берешегі | 31,276 | 34,456 |
| Өтеуге жататын қосылған құн салығы | 117,655 | 83,106 |
| Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв | (158,906) | (18,215) |
| | 219,845 | 150,002 |

Компанияның қаржылық активтерге қатысты кредиттік, валюталық тәуекелі және құнсыздану тәуекелінің шамалары туралы ақпарат 19-ескертпеде ашып көрсетілген.

## 13. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Қазақстандық банктердегі ағымдағы шоттар | 3,429,483 | 3,663,821 |
| Қазақстандық банктердегі бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аз шетел валютасындағы депозиттер | 2,803,474 | 1,011,505 |
| Кассадағы ақша қаражаты | 84 | 265 |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв | 6,232,961 | 5,675,591 |
| | (1,054) | (476) |
| | 6,231,607 | 5,674,715 |

Компанияның қаржылық активтерге қатысты кредиттік, валюталық тәуекелі және құнсыздану тәуекелінің шамалары туралы ақпарат 19-ескертпеде ашып көрсетілген.

## 14. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

**Акционерлік капитал**

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | %-бен | 2021 жылғы 31 желтоқсан | %-бен |
|---|---|---|---|---|
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ | 34,067,259 | 100 | 120,000 | 100 |

2022 жылғы қыркүйекте жалғыз акционер «QAZAQ AIR» АҚ-ның 147,089 жай акциясын жалпы сомасы 33,947,259 мың теңгеге, бір жай акция үшін 230,794 мың теңге орналастыру бағасы бойынша сатып алу жолымен бұрын берілген қарыздарды өтеу үшін Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту туралы шешім қабылдады. Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акционерлік капиталы 34,067,259 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 120,000).

**Дивидендтер**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлері дивидендтерге құқылы [illegible] жылдардағы бөлінбеген пайда сомасын қосуға құқылы. Егер меншікті капиталдың мөлшері теріс болса немесе осы кірісті бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне әкелсе акционерлерге дивидендтер бөлуге жол берілмейді.

Компания 2022 және 2021 жылдар аралығында дивидендтер жарияламаған немесе төлемеген.



## 15. БАС КОМПАНИЯДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗ

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| *Ұзақ мерзімді* | | |
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ | 30,766,230 | 36,724,437 |
| Төлеуге есептелген сыйақы шоттары | 1,707,643 | 1,051,918 |
| | **32,473,873** | **37,776,355** |

2019 жылғы шілдеде Компания «Bombardier Inc.» компаниясының DHC-8 Q400NG үлгісіндегі бес әуе кемесін сатып алу үшін Бас компаниядан 12 жылға 16,000,000 мың теңге сомасына қарыз шартына қол қойды, негізгі соманы өтеу мерзімі - мерзім соңында бір сомамен және сыйақыны өтеу мерзімі - жылдық 0.1% мөлшерлемемен бірінші транш берілген сәттен бастап 60 ай өткен соң бірінші төлемнен жартыжылдық төлемдермен. Осы қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде Компания сатып алынған әуе кемелерін ұсынды. Компания осы қарыз бойынша транштар алған күндерде 8,169,673 мың теңге сомасында дисконтты алған күндердегі нарықтық мөлшерлемелер мен жылдық 0.1% номиналды мөлшерлеме арасындағы айырмаға танылды. 31 желтоқсанда осы қарыз бойынша өтелмеген қалдық пен амортизацияланбаған дисконт тиісінше 15,726,217 мың теңгені және 2,221,574 мың теңгені құрады.

2019 жылғы шілдеде Компания DHC-8 Q400NG үлгісіндегі үш әуе кемесін сатып алу үшін Бас компаниядан 15 жылға 21,000,000 мың теңге сомасына қарыз алды, негізгі соманы өтеу мерзімі - мерзім соңында және сыйақыны өтеу мерзімі - жылдық 2.5% мөлшерлемемен бірінші транш берілген сәттен бастап 24 ай өткен соң бірінші төлемнен жартыжылдық төлемдермен. 2021 жылғы 2 наурызда сыйақыны өтеу мерзімі бірінші транш берілген сәттен бастап 60 айға дейін ұзартылды. Осы қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде Компания сатып алынған әуе кемелерін ұсынды. Компания осы қарыз бойынша транштар алған күндерде 8,909,683 мың теңге сомасында дисконтты алған күндердегі нарықтық мөлшерлемелер мен жылдық 2.5% номиналды мөлшерлеме арасындағы айырмаға танылды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы кредиттің жылі бойынша шығыс есептелінбей қалған сомасы 676,982 мың теңгені құрайды. 31 желтоқсанда осы қарыз бойынша өтелмеген қалдық пен амортизацияланбаған дисконт тиісінше 20,323,016 мың теңгені және 3,893,459 мың теңгені құрады.

2022 жылғы наурызда Компанияның операциялық қызметін қаржыландыру үшін өтеу мерзімі 2030 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі және жылдық 0.01% сыйақылық мөлшерлемесімен №656-и және №652-и шарттары бойынша кредиттік желілер Бас компанияның шешімі негізінде капиталға Бас компания салымы ретінде жалпы қаржылай пайдаланар шалымын тиісінше 20,636,329 мың теңге және 13,313,319 мың теңге сомасында мерзімінен бұрын өтелді. Мерзімінен бұрын өтеу күніне осы қарыздар бойынша сомаларда бастапқы танудан 23,227,449 сомасындағы дисконт бөлетылды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген қарыздық шоттар 5,415,118 мың теңгені құрады (2021 жыл: 4,994,358 мың теңге) (7-ескертпе).

Барлық қарыздар Бас компанияның нарықтық сыйақы мөлшерлемесін қолдана отырып әділ құн бойынша танылды.

## 15. БАС КОМПАНИЯДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗ (ЖАЛҒАСЫ)

**Қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстыру**

| **мың теңгемен** | **Бас компаниядан алынған қарыз** |
|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **37,776,388** |
| **Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарымен байланысты өзгерістер** | |
| Қарыз қаражатын тарту | - |
| Бас компаниядан алынған қарызды өтеу | (33,947,668) |
| **Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарымен байланысты өзгерістердің жиыны** | **3,828,707** |
| **Басқа өзгерістер** | |
| Есептелген пайыздық шығыс | 568,211 |
| Бас компаниядан алынған қарыз бойынша дисконтты бесіту | 23,227,449 |
| Бас компаниядан алынған қарыз бойынша дисконттың амортизациясы | 4,857,406 |
| **Басқа өзгерістер жиыны** | **28,645,166** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **33,473,675** |

| **мың теңгемен** | **Бас компаниядан алынған қарыз** |
|---|---|
| **2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **36,801,976** |
| **Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарымен байланысты өзгерістер** | |
| Қарыз қаражатын тарту | 2,544,971 |
| **Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындарымен байланысты өзгерістердің жиыны** | **2,544,971** |
| **Басқа өзгерістер** | |
| Пайыздық шығыс | 537,926 |
| Бас компаниядан алынған қарыз бойынша дисконттың амортизациясы | 4,456,432 |
| Бас компаниядан алынған қарыз бойынша дисконтты тану | (6,564,950) |
| **Басқа өзгерістер жиыны** | **(1,570,592)** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық** | **37,776,388** |

«[illegible]» АҚ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

## 16. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| **мың теңгемен** | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | **2021 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Сауда кредиторлық берешек | 1,526,999 | 1,169,988 |
| Қызметкерлер алдындағы жалақы бойынша берешек | 501,637 | 158,759 |
| Өзгелер | 18,508 | 3,333 |
| | **2,046,144** | **1,332,080** |

Компанияның сауда және өзге де кредиторлық берешегіне қатысты валюталық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат 19-ескертпеде ашып көрсетілген.

## 17. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ КІРІСТЕРІ

| **мың теңгемен** | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | **2021 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 1,375,403 | 787,565 |
| | **1,375,403** | **787,565** |

Тасымалдаудан түскен болжамды кіріс сатылған, бірақ пайдаланылмаған, жарамдылық мерзімі өтпеген жолаушылар билеттерінің құнын білдіреді.

## 18. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

**Есеп жіктемелері және әділ құны**

Басшылық Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең деп санайды. Әділ құнды анықтау үшін негізгі тәсілдер төменде ашып көрсетілген.

**19. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)**

Басшылық Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құнын әділ құн иерархиясының 2-ші деңгейіне жатқызады.

**Әділ құнды бағалау**

[illegible]

**Қаржылық тәуекелдерді басқару**

Қаржы құралдарын пайдалану Компанияны тәуекелдің келесі түрлеріне ұшыратады:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

***Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары***

[illegible]

***Кредиттік тәуекел***

[illegible]

Қаржылық активтердің баланстық құны Компанияның кредиттік тәуекелге барынша ұшырауын көрсетеді.

**Кредиттік тәуекелге ұшырауы**

[illegible]

| Мың теңгемен | Баланстық құны | |
|---|---|---|
| | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
| Сауда дебиторлық берешегі | 229,816 | 51,203 |
| Қолма-қол ақша қаражаты және оның баламалары | 5,231,813 | 5,674,450 |
| | **5,461,629** | **5,725,653** |

***Сауда және өзге дебиторлық берешек***

[illegible]

**38. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)**

**Кредиттік тәуекел шоғырлануы (жалғасы)**

***Сауда және өзге дебиторлық берешек (жалғасы)***

Сауда және өзге дебиторлық берешек бойынша Компанияның кредиттік тәуекелі шоғырлануын талдау төменде келтірілген:

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан<br>Кредиттік құнсызданған болып табылмайтын | 2021 жылғы 31 желтоқсан<br>Кредиттік құнсызданған болып табылмайтын |
|---|---|---|
| Өзге клиенттер: | | |
| - Компаниямен сауда қатынастарының ұзақтығы 3 жылдан аз | 229,816 | 31,505 |
| **Жалпы баланстық құнының жиыны** | **229,816** | **31,505** |

**2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік мекемелер үшін күтілетін кредиттік залалдарды бағалау**

[illegible] «Standard & Poor's» [illegible]

***Ақша қаражаты және оның баламалары***

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда [illegible] жалпы сомасы 3,231,857 мың теңге ақша қаражаты және оның баламалары болды (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 3,674,450 мың теңге) (13-ескертпе). Ақша қаражаты және оның баламалары «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің деректері бойынша ВВ-дан ВВ+-ға дейінгі рейтингі бар банктерде орналастырылады.

[illegible]

***Өтімділік тәуекелі***

Өтімділік тәуекелі – [illegible]

[illegible]

**18. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ) [illegible]**

[illegible]

| 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай | Баланстық құны | Шарт бойынша ақша ағындары | 3 айдан аз | 12 айдан аз | 5 жылдан аз | 5 жылдан астам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Туынды емес қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | 1,434,058 | 1,434,058 | 1,434,058 | - | - | - |
| Бас компаниядан алынған қарыз | 32,473,873 | 37,756,879 | - | - | - | 37,756,879 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 2,366 | 2,948 | - | 2,948 | - | - |
| | **33,910,297** | **39,193,885** | **1,434,058** | **2,948** | - | **37,756,879** |

| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай | Баланстық құны | Шарт бойынша ақша ағындары | 3 айдан аз | 12 айдан аз | 5 жылдан аз | 5 жылдан астам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Туынды емес қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Сауда кредиторлық берешек | 1,189,988 | 1,189,988 | 1,189,988 | - | - | - |
| Бас компаниядан алынған қарыз | 37,776,375 | 71,144,215 | - | - | - | 71,144,215 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 2,366 | 2,948 | - | 2,948 | - | - |
| | **38,968,729** | **72,337,151** | **1,189,988** | **2,948** | - | **71,144,215** |

*Нарықтық тәуекел*

[illegible]

*Валюталық тәуекел*

[illegible]

## 18. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

***Валюталық тәуекелге ұшырауы***

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның валюталық тәуекелге ұшырауы келесідей болды:

| **мың теңгемен** | **Теңге** | **АҚШ доллары** | **Ресейлік рубль** | **Еуро** | **Фунт** | **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жиыны** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық активтер** | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 4,242,844 | 785,787 | 200,762 | 3,485 | - | 5,232,878 |
| **Қаржылық активтердің жиыны** | **4,242,844** | **785,787** | **200,762** | **3,485** | - | **5,232,878** |

| **мың теңгемен** | **Теңге** | **АҚШ доллары** | **Ресейлік рубль** | **Еуро** | **Фунт** | **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жиыны** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық міндеттемелер:** | | | | | | |
| Кредиторлық берешек | 584,575 | 745,852 | 21,639 | 11,262 | - | 1,363,328 |
| **Қаржылық міндеттемелердің жиыны** | **584,575** | **745,852** | **21,639** | **11,262** | - | **1,363,328** |
| **Ашық позиция** | **3,658,269** | **39,935** | **179,123** | **(7,777)** | - | **3,869,550** |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның валюталық тәуекелге ұшырауы келесідей болды:

***Сезгіштікті талдау (жалғасы)***

| **мың теңгемен** | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | **2022 жылғы 31 желтоқсан** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Теңге/АҚШ доллары 21% | Теңге/АҚШ доллары (21%) | Теңге/ресейлік рубль 22% | Теңге/ресейлік рубль 22% | Теңге/еуро 18% | Теңге/еуро (18%) |
| Пайда немесе залалға және капиталға әсері | 396,589 | (396,589) | 191,703 | 191,703 | 6,129 | (6,129) |

| **мың теңгемен** | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | | **2021 жылғы 31 желтоқсан** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Теңге/АҚШ доллары 13% | Теңге/АҚШ доллары (10%) | Теңге/ресейлік рубль 13% | Теңге/ресейлік рубль (13)% | Теңге/еуро 13% | Теңге/еуро (10%) |
| Пайда немесе залалға және капиталға әсері | 81,386 | (62,604) | 23,654 | (23,654) | (1,573) | 1,210 |

***Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі***

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

**Өзара есепке алу туралы бас келісім немесе ұқсас келісімдер**

Компания әдеттегі бизнес жағдайында бір контрагенттермен сатып алу және сату туралы келісімдер жасаса алады. Дебиторлық және кредиторлық берешектің тиісті сомалары қаржылық жағдай туралы есепте өзара есепке алу критерийлеріне әрдайым сәйкес келе бермейді. Бұл жағдай Компанияның сол сәтте танылған сомаларды есепке алуға заңды түрде орындалатын құқығы болмауына байланысты, өйткені есепке алу құқығы болашақта белгілі бір оқиғалар басталған кезде ғана заңды күшіне енуі мүмкін. Атап айтқанда, Қазақстанда қолданылатын азаматтық-құқықтық нормаларға сәйкес міндеттеме мерзімі басталған не талап ету сәтінде көрсетілмеген немесе айқындалған біртекті талапты есепке алу арқылы реттелуі мүмкін.



**Кірістерді талдау**

Компания келесідей есептелген салықтар, пайыздық шығыстар және тозу мен амортизация (бұдан әрі –«EBITDA») шегерілгенге дейінгі пайда көрсеткішіне тәуекелдердің әсерін талдайды:

| **мың теңгемен** | **2022 жыл** | **2021 жыл** |
|---|---|---|
| Түсім және өзге кірістер | 20,415,161 | 12,753,160 |
| Сату құны | (14,771,486) | (11,318,810) |
| **Жалпы кіріс** | **5,643,675** | **1,434,350** |
| Әкімшілік шығыстар | (1,260,347) | (781,262) |
| Сату бойынша шығыстар | (511,849) | (180,595) |
| **EBITDA** | **3,871,479** | **472,493** |

2022 және 2021 жылдардағы негізгі құралдар құнының өсімі мен құнсыздану сомасы тиісінше 1,720,455 мың теңге және 441,593 мың теңге мөлшерінде Бас компанияның әдістемесі бойынша Компания қолданатын EBITDA көрсеткішінің есебіне кірмейді. 2022 және 2021 жылдардағы жалпы сомасы 24,537 мың теңге және тиісінше 51,264 мың теңге өзге де шығыстар мен залалдар EBITDA есебіне енгізілмеген.

## 18. ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

**Капиталды басқару**

Компанияның меншікті капиталды басқару бойынша өзінің бекітілген саясаты жоқ. Дегенмен, басшылық инвесторлардың, кредиторлардың және нарықтың сенімін сақтау, сондай-ақ бизнестің болашақта дамуын қамтамасыз ету үшін тұрақты капитал базасын сақтау саясатын ұстанады.

Компания меншікті капиталға қатысты сыртқы реттеу талаптарының объектісі болып табылмайды.

## 19. ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында тұр және әлемнің басқа елдерінде таралған көптеген сақтандыру нысандары Қазақстанда әлі қолжетімді емес. Компанияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық міндетті сақтандыру полистері бар. Қазіргі уақытта Компания ірі активтерді жоғалту тәуекеліне ұшырамайды, өйткені Компания ерікті авиациялық сақтандыру шарттарын жасасты. Компанияда әуе кемелерінің мүліктік залалының «барлық тәуекелдерінен» және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен ерікті авиациялық сақтандыру полистері, сондай-ақ соғыс тәуекелдерін және олармен байланысты әуе кемелерінің мүліктік залал тәуекелдерін ерікті авиациялық сақтандыру полистері бар.

**Қазақстан Республикасындағы шартты салық міндеттемелері**

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, олар көбінесе анық емес және қарама-қайшы болып табылады, бұл оларды әртүрлі салық органдарының, соның ішінде кірістерді, шығыстарды және ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептіліктің басқа да баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді екіұшты түсіндіруге жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыздар алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін, бірақ белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл мән-жайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкеп соғуы мүмкін. Компания басшылығы қолданыстағы салық заңнамасы, нормативтік талаптар және сот шешімдері туралы өз түсініктері негізінде салық міндеттемелері толық көрсетілді деп санайды. Алайда әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі Компания басшылығының пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар Компанияға мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда, олардың Компанияның қаржылық есептілігіне әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

## 20. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР

***Бас кәсіпорын және түпкілікті бақылау тарапы***

Компанияның тікелей Бас компаниясы Қазақстан Республикасының Үкіметі иелік ететін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады.



## 20. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР (ЖАЛҒАСЫ)

**Аға басшы персоналмен жасалатын операциялар**

***Аға басшы персоналға төленетін сыйақы***

Есепті жылы негізгі басқарушы персонал алған сыйақылар персоналға арналған шығындар құрамында көрсетілген мынадай сомаларды құрады (6-ескертпе):

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы мен сыйлықақылар | 281,130 | 249,664 |
| Әлеуметтік аударымдар | 28,730 | 23,322 |
| | **309,860** | **272,986** |

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал Басқарма төрағасы мен 3 адамнан тұратын Компанияның Басқарма мүшелерінен тұрады.

**Байланысты тараптармен жасалатын өзге де операциялар**

***Шығыстар***

| мың теңгемен | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|
| **Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу**: | | |
| Бас ұйымның бақылауындағы ұйымдар | 1,600,474 | 296,196 |
| Мемлекеттік кәсіпорындар | 352,060 | 257,506 |
| | **1,952,534** | **553,702** |

***Қарыздар***

| мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **Бір жыл ішінде төлемдерді шегергенде алынған қарыздар** | | |
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ | 30,766,230 | 36,724,437 |
| Есептелген сыйақы | 1,707,643 | 1,051,918 |
| | **32,473,873** | **37,776,355** |

Байланысты тараптарға Компания акционері және осы акционердің бақылау пакеті бар барлық басқа компаниялар кіреді. Бұл операциялар Компанияның байланысты емес тараптармен операцияларды жүзеге асыратын жағдайлармен салыстырылатын шарттарда Компанияның әдеттегі қызметі тәртібімен жүзеге асырылады.

***Үкіметпен байланысты кәсіпорындармен жасалатын операциялар***

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауындағы бірқатар кәсіпорындармен жұмыс істейді. Компания Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты кәсіпорындармен жасалатын операциялар бойынша оңайлатылған ашып көрсетуге мүмкіндік беретін 24 «Байланысты тараптар» ХБЕС-ке (IAS) сәйкес босатуды қолданады. Компания Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты кәсіпорындармен операцияларды жүзеге асырады. Бұл операциялар Компанияның әдеттегі қызметінің бір бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты емес кәсіпорындармен өзара іс-қимыл шарттарымен салыстырылатын шарттарда жүргізіледі.

## 21. ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

Компания өз қызметін негізінен Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді, оларға әдетте дамушы нарықтың ерекшеліктері тән. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылығы тәуекелімен ұштасады, сондай-ақ олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және қазыналық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша мәселелер туғызады.

Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттарының Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына қалай әсер ететініне қатысты басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## 22. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Осы қаржылық есептілікті ашу үшін қажетті есепті күннен кейінгі оқиғалар орын алған жоқ.